3. более удобный способ выбора товара посредством размещения всего ассортимента товаров в каталогах, содержание которых можно быстро корректировать и расширять безгранично;
4. используя интернет-магазины, покупа-

тель не подвергается давлению со стороны продавца на покупку ненужных товаров;

5. возможность приобретения товаров из разных уголков страны и других стран мира;
6. существует несколько вариантов оплаты товаров - по кредитной карте, через банковский перевод, через системы денежных переводов или электронными деньгами и кошельками.

Проведем сравнение рынка e-commerce зарубежных стран с рынком Казахстана.

Электронные продажи растут, потому что все больше людей считают онлайн-покупки удобными и безопасными. Другая причина роста оборота e-коммерции - популяризация мобильных устройств: смартфонов и планшетов.

По итогам 2012 года, объем онлайн-продаж в США вырос до \$67 млрд. Величина показателя выросла на 3,6% с учетом сезонных факторов относительно второго квартала этого года. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем онлайн-продаж увеличился на 17,5%. В общем объеме торговли доля онлайн-продаж составила 5,9%. По прогнозам IHS Global Insight, к 2016 году эта доля увеличится до 7%.

В Великобритании доля их интернет-розницы в общих объемах розничных продаж в 2012 году достигла 13%.

Абсолютная численность интернет-покупателей, участвующих в розничной электронной коммерции в США, составляет почти 167 млн. человек, в Великобритании - 43 млн., в Германии - 52 млн. Годовые затраты на интернет-шопинг на 1 покупателя в Германии составляют \$677, в США - \$1104, в Великобритании - \$1206.

Казахстанский рынок интернет-торговли пока находится в самом начале своего становления, и ему далеко до показателей стран с развитой IT-сферой. Американский рынок интернет-торговли оценивается примерно в \$150 млрд., по России данный показатель составил около \$5 млрд. Если же сравнить уровень проникновения интернета (численность пользователей) с объемами рынка интернет-коммерции в Казахстане и развитых странах, то можно увидеть следующие цифры. Казахстан отстает в развитии интернет-торговли от Российской Федерации более чем в 2 раза (размер рынка интернет-торговли в РФ на одного пользователя соста-




Рисунок 1 - Доля интернет покупателей в совокупной аудитории интернета в сравнении по странам, % (разработано авторами)

вил около \$100, а в Казахстане около \$42), а от наиболее развитой экономики и IT сферы мира (США) отстает практически в 20 раз (в США статистически на 1 пользователя интернетом приходится около \$1 тыс. товарооборотаинтернета).

Проанализируем современное состояние e-commerce в Казахстане. Несмотря на прошедший кризис, рынок интернет-коммерции Казахстана развивается высокими темпами.

Электронная торговля ПК распространяется на рынки новых для себя товаров. Сегодня в интернете можно купить уже не только программное обеспечение, но даже овощи, фрукты и более экзотичные предметы.

В 2012 году объем рынка электронной коммерции Республики Казахстан составил 400 миллионов долларов. В последние два года рынок увеличился более, чем в 4 раза. Можно выделить следующие факторы, которые положительно повлияли на развитие e-commerce в Казахстане:

- рост количества интернет-пользователей на 100 жителей РК с 15,1 до 61,5 человек, соответственно с 2008 по 2012 год;
- увеличение численности интернет-мага-

зинов, сегодня в Казахстане функционирует более 400 интернет-магазинов;

- рост численности платежных карточек. По состоянию на 1 марта 2013 года банками выпущено 12,6 млн. платежных карточек, а количество держателей данных карточек составило – 11,5 млн. человек. По данным Национального банка Республики Казахстан, по сравнению с ситуацией на аналогичную дату 2012 года рост составил 23,2% и 21,4% соответственно.
- улучшение правовой поддержки государства в развитии e-commerce. В частности, 21 июля 2011 года был принят «Закон об электронных деньгах».

Одними из крупных и наиболее посещаемых интернет-магазинов в Казахстане являются: Flip.kz, Alser.kz, Sulpak.kz, Hit.kz, Intermarket.kz, Technodom.kz, Planeta.kz, Arbuz.kz, Disti.kz, Lamoda.kz, Chocomart.kz.

По итогам 2012 года, рынок электронной коммерции Казахстана значительно вырос. Но в тоже время, продолжает превалировать оплата наличными курьеру, что показывает диаграмма 1.




Диаграмма 1 - Система оплаты интернет-услуг в РК

По результатам проведенного исследования можно выделить следующие факторы, замедляющие темпы развития интернет-коммерции:

- скептическое отношение покупателей;
- неудобное расположение интернет-магазинов. Подавляющая часть интернет-магазинов находится в Алматы и Астане;
- непонимание и неосведомленность потребителей в механизме оплаты интернет-покупок;
- неполноценная правовая база в сфере интернет-коммерции.

Отметим то, что Правительство РК не оставляет рынок интернет-коммерции без внимания. Государственная программа «Информационный Казахстан-2020», разработанная Министерством транспорта и коммуникаций Республики Казахстан, предлагает следующие пути решения основных проблем:

- разработка предложения по созданию

отраслевых торговых площадок;

- рассмотрение вопроса о формировании отчетности по транзакциям (количество и объемы), совершаемым в Интернет-магазинах;
- стимулирование интернет-коммерсантов налоговыми и таможенными преференциями и участием в технопарках;
- проведение работ по совершенствованию законодательства и правоприменительной практики в области электронной коммерции;
- осуществление поддержки конференций, семинаров и круглых столов на тему развития интернет-среды в целом и интернет-бизнеса в частности, также проведение информационно-просветительной работы по использованию электронных платежных систем.

# 5

## СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ В ИНДУСТРИИ ГОСТЕПРИИМСТВА





**Агзам А.  
Сланғожа Қ.**

*Халықаралық Бизнес Академиясы  
«Мейрамхана ісі және қонақүй бизнесі»,  
2 курс  
Алматы қаласы*

Ғылыми жетекшісі:  
**Абдунурова А.А.**

## **Қазақстан Республикасы Алматы қаласында капсулды қонақүйді салу**

Бүгінгі таңда қонақжайлылық индустриясы экономикамыздың дамуының әлеуетті және болашағы зор салаларының бірі болып танылып отыр. Қонақүй бизнесі туризмнің маңызды құраушысы ретінде жүреді. Дүниежүзілік туризм ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі кезде әрбір он бесінші қызметкер қонақ үй бизнесінде жұмыс істейді. Туризм үлесіне әлемдік капиталдың шамамен 7%-ы, салық түсімдерінің 5%-ы, тұтынушы шығындарының 11%-ы келеді. Бұл көрсеткіштер, әрине, туризм индустриясының, оның ішінде қонақүй саласының жұмыс істеуіне тікелей экономикалық тиімділікпен сипатталады. Туризм тек қана экономикалық мағынаға ғана емес, сонымен қатар мемлекетаралық байланыстардың әлеуметтік және мәдени дамуына ықпалын тигізіп, халықтың танымдық деңгейін көтереді. Халықаралық туризмде қонақжайлылық индустриясы негізгі орынды алды. Туристік ағымдар туризм индустриясының осы секторының көлеміне және ұсынылатын орындар сапасына тікелей байланысты. Қонақүй шаруашылығының мәселелері (басқару, қаржыландыру, дизайн) туризмге экономикалық талдау жасаудың негізі болып табылады.

Қазіргі таңда әлемде 30 000 - нан астам әртүрлі деңгейдегі қонақүйлер бар. Мұндағы нөмірлер саны 12 млн.-нан асып түседі. Нөмірлер саны бойынша бірінші орында Еуропа, екінші орында Америка, үшінші орында Шығыс Азия.

Әлемде қонақүй индустриясының дамуы маманданған қонақүйлік кәсіпорындардың санының көбеюімен түсіндіріледі. Қызмет түрлері кең дәстүрлі қонақүйлер, қарапайым және маманданған қонақүйлер ұсынылуда.

Америка - нөмірлік қор саны бойынша лидер болып саналады, 215-ке жуық лидер қонақүйлік желілер бар. Қазақстанның туризм саласында келесідей қайта құрулар орын алды: туристік қызметтердің жалпы көлемінде ішкі туризм көрсеткіштері өсуде, келу туризмінің көрсеткіштер динамикасы жыл сайын артуда, кету туризмінің көрсеткіштерінің үлесі тұрақталуда.

Қазақстандық туризмнің стратегиялық міндеті – туристік қызметтердің жалпы көлеміне

келу туризмінің үлесін арттыру. Қонақүй бизнесі саласының инфрақұрылымының экономикадағы алатын орасан зор орнын байқамау мүмкін емес. Қазақстан Республикасының экономикасындағы өзгерістер, ашық экономика саясаты, елде төлеуге қабілетті тұтынушылық нарықтың пайда болуы қонақүй саласының жандануына, осы салада қызмет көрсететін көптеген кәсіпорындардың құрылуына, жүздеген жұмыс орындарының пайда болуына септігін тигізді. Соңғы кездері Қазақстан әлемдік туристік нарыққа белсене араласып келеді.

Бірақ елдегі қонақүй индустриясының даму қарқынын талдау Қазақстанда қазіргі таңда бұл бизнестің дамуы әлі де бастапқы кезеңде екендігін байқатып отыр. Басқа елдермен салыстырғанда қазақстандық азаматтардың белсенділігі төлем қабілеттілігінің деңгейінің жоғары болмауына байланысты төменгі дәрежеде қалып отыр. Осыған сай қонақ үй кәсіпорындары әр клиент үшін қатаң бәсекелестік жағдайында жұмыс істейді.

Бүгінде қонақүй секторы бизнесте өз үлесін алуға талпынады және ол үшін туристерді ақшасын өздерінің қызметтерін тұтынуға, жұмсауға көндіруге тырысады. Қазіргі таңда қонақ үйлер «жылы орын» үшін күресуге мәжбүр болып отыр, ал мүмкіндік болса өзінің бизнесін кеңейтуге талпынады. «Бәсекеге қабілеттілік» түсінігінің мазмұны өзгереді – қонақүй нөмірінің бағасымен байланысты біртекті анықтама кешенді анықтамаға ауысады. Бұл жерде сапа, жеке әдістеме, кәсібилік және бірегейлік деген сипаттамалар ерекше құндылыққа ие болады. Қонақүй қызметтері нарығының қатысушылары және бірінші кезекте шағын қонақ үйлер үшін нарықтағы орынды сақтау үшін күрес және бизнесті кеңейту күнбе-күнгі мәселеге айналып отыр. Орынды сақтау және кеңею үшін қонақ үйге құралдар қажет: кіріс және пайда. Ал ақша құралдарының көзі клиент болып табылады. Қонақүй клиенттерді тарта білуі керек, сонымен бірге олардың адалдығына қол жеткізуі және клиенттерді қонақ үй қызметтерін сатып алуға ақша жұмсауға ынталандыруы қажет. Даму деңгейіне сәйкес қонақ үй бизнесі тұрақты клиент-

терді тартуға бағытталып отыр және оларды қосымша шығындануға ынталандырады. Бұған қонақүй сервисін сауатты әрі ұтымды ұйымдастыру арқылы ғана қол жеткізуге болады[1].

Біздің қонақжайлық индустриясын дамытуға қосатын үлесіміз ретінде, келесідей жобаны ұсынып отырмыз. Ол Алматы қаласына капсулды қонақүй салу. Енді, капсулды қонақүйге мінездеме беретін болсақ.

Капсулды қонақүй (капусэру хотэру) – ол бір-бірінің үстіне орналасқан, жатын ұяшықтарын еске салатын жапон қонақүйлерінің бір нұсқасы болып табылады. Халық көп қоныстанған жерлерде және вокзал маңдарында орналасады. Ең алғашқы капсулды қонақүй Осака қаласында Умеда ауданында 1979 жылы 1 ақпанда салынды, оның негізін салушы - Кисе Куракава.

Капсулды қонақүй бөлмелері шамамен 2×1×1,25 м көлемінде болады. Осы көлем ұйықтау үшін, теледидар көру үшін және де кітап оқу үшін жеткілікті. Әдетте капсулада қонақтардың шылым шекпеуін және тамақ ішпеуін өтінеді. Көп жағдайда капсулды қонақүйде шылым шегуге қатаң тыйым салынады. Капсулдар бір-бірінің қасында орналасады. Қонақтарды жекешелеп орналастыру үшін әрбір капсуланың ашық бөлігін әйнектен жасалған есікпен немесе пердемен жауып қояды. Қонақтың жүгі капсулаға жақын жерде орналасқан кішкентай шкафта сақталынады. Дәретхана да бөлек, жақын жерде орналасқан және де қоғамдық болып табылады.

Қонақүйге қонақтарды орналастырудың мұндай стилі тек Жапония елінде ғана танымал, ал басқа елдерде көп қолданылмайды. Көбінесе бұл сервис түрін тұтынушылар - үйі кеңсесінен алыста орналасқан және де жұмыстан шаршаған кеңсе қызметкерлері. Жапониядағы капсулды қонақүйлерге әйел адамдарды сирек орналастырады, себебі оларды шу шығарғыш және ер адамдардың демалуына кедергі келтіреді деп санайды. Бірақ, кейбір жағдайларда әйел адамдарға капсулды қонақүйдің бір қабатын береді. Бұл қонақүй түрі Жапониядағы басқа қонақүйлермен салыстырғанда неғұрлым арзан, бағасы — ¥ 2000—4000 бір түнге (\$ 21—42, € 16—31, £ 15—29).

Ең ірі капсулды қонақүй Токиодағы «Грин Плаза Синдзюку», онда 1×2×1 м 660 нөмір саны бар.

**Ресейдегі капсулды қонақүй.** 2009 жылдың күзінде Мәскеулік Шереметьев халықаралық әуежайының басшылығы бірінші капсулды типтегі «Воздушный экспресс» қонақүйдің ашылуын хабарлады. Бірақ ол қонақүй капсуладан қарағанда эконом класстағы еуропалық типтегі қонақүй көбірек ұқсайды. Нөмірлері 7,5-22 м<sup>2</sup>, 1-3 орынды, душы бар санузелдермен жабдықталған. Бірнеше VIP нөмірлері бар. Сонымен

қатар, 2013 жылы қаңтар айында ашылған Белорусь вокзалындағы капсулды қонақүй де өзін Ресейдегі бірінші капсулды қонақүй деп есептейді [2].

Ал енді, біздің жоспарлап отырған капсулды қонақүйімізге тоқталсақ. Неге біз дәл осы капсулды қонақүйді таңдадық? Себебі, Қазақстанның туризмін дамыту үшін бізге 4-5 жұлдызды қонақүйлер емес, арзан, әрі ыңғайлы, халыққа қол жетімді мини қонақүйлер қажет. Ал хостел немесе мини қонақүйлер капсулды қонақүй секілді таңғаларлық емес.

**Біздің капсулды қонақүйіміздің мінездемесі.** Біздің қонақүйіміздің атауы – Capsulbox. Жалпы капсулды қонақүй ғимараты 3 қабатты, қонақүйде 40 нөмір, 5-екіорынды, 30-бірорынды, 5-вип бөлме. Жалпы бөлме ұзындығы минимум 3,5 м. Әр бөлме төсек жабдықтармен, ток разеткасымен, wi-fiмен және де тағы да басқа қажетті құралдармен жабдықталған. Ал дәретхана мен жуынатын бөлме бөлек орналасқан. Ал вип нөмірінде дәретхана да, жуынатын бөлме де бар. Асхана бірінші қабатта орналасады. Және де жуынатын бөлме заттары бір рет қана қолдануға арналған. Бізге бұл жобаны іске асыру үшін кем дегенде 1,5 миллион доллар қажет. Және де біз бұл жобаны іске асыру үшін инвесторларды тартуды жоспарлап отырмыз.

**Нарыққа анализ.** Алматы ірі мегополис және қаржы орталығы болғандықтан, дәл осы қонақүйді Алматыда салғанды жөн көріп отырмыз. Негізгі біздің міндетіміз шетел азаматтарын қонақүйіміздің ыңғайлылығымен және де арзан бағасымен, бұрын-соңды Қазақстанда кездеспеген қонақүйімен тарту. Кейінгі жылдары Алматыдағы қонақүй бизнесі жақсы дамуда, оның себебі шетелден жұмыс бабымен келетін бизнесмендер және саяхаттап келуші туристер. Алматының туристерді тартатын негізгі басымдылығы – Медеу мен Шыңбұлақ.

**Тұтынушыларға көрсетілетін негізгі қызметтер.** Түнеуге арналған жатын орны және де ақылы тамақтану, хим.тазалау.

**Мекен-жайы.** Біз бұл бизнес-жобамызды Алматы қаласындағы әуежайдың жанында салуды жөн көріп отырмыз. Ол жолаушылар терминалынан 100 метрде орналасқан (2 минуттық жүріс). Себебі, бұл тұтынушылар көп орналасқан аумақ. Сондай-ақ, туристердің біздің қонақүйді таңдау мүмкіндігі жоғары. Бизнес-туристер, саяхаттаушы туристер өз ұшақтарын, бизнес-кездесулерін күткен кезде біздің қонақүйіміздің қызметін пайдалана алады.

Біздің мекен-жайға жету өте оңай.

Капсулды қонақүй әуежайдағы жолаушылар терминалының вокзал аумағында орналасқан. «Алматы-2» темір жол вокзалынан қонақүйге №92 автобуспен жетуге болады. Алматы қаласының орталығы мен негізгі тарихи-мәдени

жерлеріне №92 және №79 автобустар барады.

**Біздің потенциалды тұтынушыларымыз.** 60%-шетелден келген қонақтар болады деп болжап отырмыз. Және де жұмыстан кеш шығып, үйлері алыста орналасқан жұмысшылар да біздің қызметтімізді таңдайды деген ойдамыз.

**Біздің потенциалды бәсекелестеріміз.** Қазақстанда әлі күнге дейін мұндай қонақүй салынбағандықтан, біздің тікелей потенциалды бәсекелесіміз ретінде көптеген қонақүйлер шыға алмайды. Бірақ 2-3 жұлдызды қонақүйлер бізге бәсекелес ретінде түсе алады. Дегенмен, ол бәсекелестерден біздің қорғанатын артықшылығымыз бар, ол - қазіргі кезге сай, эксклюзивті, капсуланы еске түсіретін инфраструктурамыз. Және де басқа хостелдерден біздің капсуламыздың айырмашылығы – үстіне аздағандай ақша қосу арқылы сіз өзіңізге жеке бөлме брондай аласыз. Сонымен қатар түні бойы сізді шулағыш көршілеріңіз мазалай алмайды.

Біз «Аңсұңқар» қонақүйінің қасында орналасқандықтан, бұл қонақүй бізге тура бәсекелес бола алады. Біз тұтынушыларды өзімізге тарту үшін номерлер қорының бағасын сол қонақүй номерлерінің бағасымен салыстыра отырып жасадық. Яғни, біздің қонақүйдің бағасы арзанырақ. Мысалы: ол қонақүйдегі бір орынды бөлме 14 000 теңге, ал бізде бір орынды номер бағасы 5000 теңге және олардың жайсыз номерлері 5000 теңге, бұл біздің бағамен бірдей. Бірақ біздің номереріміздің артықшылықтары көп және олардың жайсыз номерлер саны екеу ғана. Сонымен қатар, «Аңсұңқар» қонақүйінің жайлы екіорынды номері 18 000 теңге, жайсыз номері 7000 теңге. Ал бізде екіорынды номер – 4000 теңге. Бізде вип-номер бағасы – 10 500 теңге, ал ол қонақүйді – 18 000 теңге.

Шетелден келген әрбір қонақтың алдында қонақүй ме, әлде хостел ме деген таңдау тұрады. Қонақүй тым қымбат, ал хостел болса бір бөлмеде 2-3 адам жататындықтан ыңғайсыздау. Сол кезде туристер нені таңдарын білмей, біраз қиындыққа тап болады. Осы кезде біздің капсулды қонақүйіміз көмекке келеді. Себебі, ол арзан және ыңғайлы, тағы да бір артықшылығы өзіңіздің жеке жұмыстарыңызбен тыныштықта айналысуға мүмкіндігіңіз бар.

Статистика бойынша, әрбір шетелден келген турист қызметтерге және өзіне қажетті заттарға, сыйлықтарға, қыдыруына тұру орнына төлейтін төлемге қарағанда 2-5 есе көп қаражат жұмсайды екен. Ал егер сіздің бүкіл қаражатыңыз қонақүйге кететін болса, өзіңізге арналған қызметтерге ақшаңызды азырақ жұмсайсыз. Бұл әділетті ме? Егер де жоқ деп ойласаңыз, біздің

капсулды қонақүйді таңдаңыз.

Әрбір жобаға **SWOT** талдау қажеттілігін түсініп, өзіміздің жобамыздың мүмкіншіліктерін анықтау мақсатымен сынап көрдік.

### **Артықшылықтары:**

1. Қолжетімді бағалар;
2. Өзіңізді өз үйіңізде жүргендей сезінесіз, себебі бұл жерде максималды комфорт;
3. Әрбір тұтынушыға индивидуалды қызмет;
4. Бөлме тазалығы, қонақүй тазалығы;
5. Тегін интернет (wi-fi);
6. Хим. тазалау;
7. Студенттерге жеңілдік;
8. Телефон байланысы;
9. Төлем терминалдары;
10. Теледидарлар.

### **Әлсіз жақтары:**

1. Кейбір адам үшін бөлме тар болуы мүмкін (қарапайым нөмірлер);
2. Қарапайым нөмірлер үшін жуынатын бөлме және дәретхана қоғамдық;
3. Келушілер саны маусымдыққа байланысты.
4. Қосымша қызметтердің болмауы (фитнес-клуб, сән салоны, бутиктер және т.б.)

### **Мүмкіншіліктері:**

1. Капсулды қонақүйдің нарықта актуалды болуы;
2. Қазақстанда мұндай қонақүйдің болмауына байланысты, бәсекелестеріміздің аз болуы;
3. Жаңа технологиялардың дамуы;
4. Маркетингтік қызметтерді дұрыс пайдаланудың арқасында, жетістікке жету;
5. Алматының туризмнің дамуына байланысты, туристердің көп келіп, қонақүйіміздің табысты болуы.
6. Саяси тұрақтылық

### **Қауіп-қатер:**

1. Капсулды қонақүйдің артықшылықтарын дұрыс түсінбеуі;
2. Нарыққа басқа да мини-қонақүйлер келіп, бәсекелес болуы мүмкін;
3. Шетелдік валютаның өсуі;
4. Туризмдегі модернизацияның аз болуы.

Қорыта айтқанда, біздің бұл жобамыз сіздерге ұнады деп ойлаймыз. Және де болашақта бұл идея шынымен де іс жүзінде салынып, Қазақстанның туризмінің дамуына өз үлесін қосады деген ойлаймыз.

### **Әдебиеттер:**

1. <http://hfs.kz/view.php?id=798>
2. <http://ru.wikipedia.org/wiki>

## Дағдарысқа қарсы мейрамхана бизнесін басқару жүйесі

Қазіргі таңда біздің елімізде мейрамханалардың дағдарысқа қарсы басқару жолы жақсы дамымаған, әрі басты мәселелер қатарына жатпайды. Осыған қарамастан, дағдарысқа қарсы басқару көп ұзамай біздің заманымыздың өзекті мәселесі болмақ. Көптеген мейрамхана ісінің мамандары, бұл басқару жүйесін мейрамхана бизнесі үшін өте маңызды деп есептейді, себебі қазіргі кезде мейрамханалардың кірісі төмендеу аясында.

Дағдарыс жағдайлары қандай себептен пайда болады? Бұл жағдайды көптеген мәселе факторлары көрсетуі мүмкін. Мысалға: мейрамхананың сыртқы факторы, бұл жағдай мейрамхананың басшылығына немесе мейрамхананың іскерлік бағытына тәуелді емес, ал сонымен қатар мейрамхананың ішкі факторы, бұл жағдайда керісінше, мейрамхана директорының өз персоналы мен әкімшілік басқарушыларымен қарым-қатынасына, әрі директордың басқарушылық қабілетіне тікелей байланысты болады [1]. Бүкіл әлемдік банкроттықты зерттеу нәтижесінде, кәсіпорындардың қаржылық тұрақсыздығының себебі орташа мөлшермен алғанда 25-30 % сыртқы факторлардан, 70-75% ішкі факторлардан болатындығын тәжірибе түрінде дәлелдеген [2].

Мейрамхананы дағдарысқа қарсы жүйе көмегімен басқару дегеніміз не? Бұл комплексті әрі системалық мәні бар жүйе. Бұл менеджментпен қоса, арнайы дағдарыстан шығу шараларын ұйымдастырып, бірден-бір шешімін табатын жобаларды іске асырып, мейрамханалардағы келеңсіз әрі жағымсыз жағдайларды болдырмау үшін және де жою үшін қолданылатын жүйе. Бұл жобалар стратегиялық мазмұнда болуы тиіс. Олар туындаған мәселені шешіп қана қоймай, мейрамхананың нарықтағы орынның сақтап қалуы керек. Әрбір кәсіпкер өзінің мейрамханасын бәсекеге қабілетті әрі экономикалық тұрақсыздыққа төзімді етіп басқарғысы келеді. Ең алғашында бұл ұғымды айналысқа енгізген Г.Форд болған. Ол өз кәсібіне «ойлаушы инженер» деген маман түрін қосты. Бұл мамандықта жұмыс істейтін адам кәсіпте болып жатқан процесстерді рационалдылап, дамытып отырған. Бұл маман әр ай сайн кәсіпті жаңартып, ары қарай дамытатын өзекті идеяларды ұсынып отырған. Соның нәтижесінде, кәсіптің

тиімді жұмыс істеуіне ықпал тигізіп отырған. Ал дағдарысқа қарсы саясаттың заманауи жүйесі капиталистік елдерде 80-і жылдары әлемдік дағдарыстың шиеленісіп, 1929-1933 жылдардағы әлемдік экономиканың депрессиясына ұқсайтын кезеңге жеткен кезінде дамып, кеңінен қолданыла бастады. Бұл кезеңде әлем бойынша 35 млн адам жұмыссыз қалып, инвестициялар төмендеп, өндірістің мөлшерлері азайып, инфляция өскен [1].

Мейрамхананы тиімді, экономикалық тұрақсыздыққа төзімді етіп басқару үшін біз «дағдарысқа қарсы басқару» жүйесін қолданғанымыз дұрыс. *Мейрамханадағы дағдарысқа қарсы басқару дегеніміз* – мейрамхананың төлем жүргізе алмайтын жағдайға жеткенде оны осы дағдарыс жағдайдан шығарып алу мақстымен орындалатын стратегиялық жүйе. Бұл түсінікпен қатар, мейрамхананы персоналын дұрыс басқаруға байланысты іс-шаралардың өткізілу маңыздылығын ескеруіміз керек.

Шетелдік тәжірибе бойынша, дағдарысты жағдайға жеткен кәсіпорындар, ресторандар келесідей шаралар қолдануы тиіс:

- Ешқандай төлемдерді жүргізбеу;
- Қызметкерлерді (персоналды) босату, бірінші кезде әкімшілікке демалыс беріп, одан кейін жұмыстан босату қажет;
- Қоймадағы тауарларды нарықтағы бағаға қарағанда арзанға сату қажет;
- Артық бөлмелерді босату қажет;

Бұл шараларды орындағаннан кәсіпорын кейбір қаражат алып, шығындарды төмендетеді. Бірақ біз ең алдымен, дағдарысқа қарсы басқарудың басты мақсаты мейрамханадағы дағдарысты болдырмау. Сондықтан, алдымен дағдарысты болдырмау үшін, дағдарысқа қарсы жүйеде превентивті басқару түрі бойынша бірнеше іс-шаралар өткізіледі. Превентивті басқару дегеніміз – мейрамхананың ішкі факторлары (басқарудың тиімділігі төмендеуі, жалақының өсуі, өндірістік күштің азаюы, т.б) мен сыртқы факторларын (бәсекелестердің пайда болуы, бәсекелес жаңа фирмалармен қарым-қатынас орнатуы, басты сатып алушылардың мінез-құлықтары, т.с.с) бақылауға алу іс-шаралары. Превентивті бақылау шараларын дұрыс өткізу үшін, мейрамхана әкімшілігі келесі сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- Нарық қысқартылғанда немесе ұлғайғанда қандай әрекеттер жасау керек;
- Бәсекелес тактикасының өзгеруіне не себеп болды, қалай өзгерді (мысалы, жарнама жариялаулары, тауардың модификациялануы);
- Маңызды тауарлармен қамтамасыз ететін фирмамен келісім шартты үзген жағдайда, оған қайдан және қалай алмастыра аласыз;

Алдымен осындай басқару жүйесін қолданып, мейрамханадағы дағдарыс пен дәрменсіз жағдайды болдырмауға тырысу керек. Егер осыған қарамастан мейрамхана дағдарысқа ұшыраса, онда дағдарысты жою үшін дағдарысқа қарсы арнайы ақпараттық тәсіл іске асырылады.

Дағдарысқа қарсы арнайы ақпараттық тәсілге:

- Мейрамхананың сыртқы факторы мен процессі жайлы барлық ақпараттар жиналады. Олар: анализ, баға беру, нарықтағы болжамдарды жасау;
- Мейрамхананың ішкі дағдарыс факторларын талдау (персоналдың тұрақсыздығы, мейрамхананың қаржылық қоры, өндірістегі ақау мөлшердері, өнімді өткізу көлемі, жарнаманың өсуі, дебиторлік және несиелік қарыздар).

Дағдарысқа қарсы басқарудың ең маңызды қағидаты, қаржылық басқару көзі. Яғни, ең алдымен мейрамхана қаржылық тұрғыда тәуелсіз әрі тұрақты болса, дағдарыстан шығу жеңіл түрде өтеді. Мейрамхананың өзіндік қаржы қоры

өте мықты болуы маңызды. Осыған байланысты мейрамхана қаржылық жағына қатысты, күрделі іс-шаралар жүргізілуі тиіс. Мейрамхананың қаржылық анализі жүргізілуі керек. Л.А.Бернстайн өзінің «Қаржылық есепті талдау» кітабында былай деп айтқан: «Қаржылық есептің анализін жүргізу негізі аналитикалық құралдар мен қаржылық құжаттардың көрсеткіш тәсілі арқылы, әлдеқандай шешім қабылдау үшін қолданылады» [3].

Қаржылық анализ мейрамхананың келешектегі қаржылық шартты мен нәтижелерін болжамдауға өте маңызды септігін тигізеді. Бұл дағдарысқа қарсы басқарудың өте маңызды бөлшегі. Мейрамхананың қаржылық анализі өте күрделі түрде іске асырылады. Себебі, Жак Ришардың айтуы бойынша: «кәсіпорынның қаржы-экономикалық жағдайын талдау өзіне көптеген мөлшердегі бағалау түрлерін және олардың әрекеттерінің нәтижесін көрсететін күрделі мәселе. Ол ең алдымен, кәсіпорынның (біздің жағдайымызда мейрамхананың) алдына қойған мақсаттарына: кәсіпорынның табысын анықтау, ол басқа нарықтағы кәсіпорындармен салыстыру үшін қажет немесе кәсіпорынды нарықтағы нормалардың көрсеткішімен салыстырып бағалау үшін қажет» [3].


Дағдарысқа қарсы басқаруда мейрамхананың қаржылық-экономикасын бақылауды жүйелі түрде өткізу керек. Оны қалай жүзеге асыра аламыз? Мысалы, 1-кестедегідей бірқатар сұрақтарды қарастырып, оларға талдау жүргізу арқылы, мейрамханадағы қаржылық жағын бақылай аламыз [3].

### Кесте 1- Мейрамхананың қаржылық жағдайын талдау

Қаржылық есеп	Инвесторды талдау	Басқару теориясы
Табысты анықтау	Қаржылық мәлімет	Экономикалық қызметтің қағидаттары
Құнды анықтау	Салыстырмалы мәліметтер	Ресурстарды қолданудың тиімділігі
Салықты анықтау	Нарықтың анализі	Акционерлік капиталдың инвесторлық бағасы
Ескерту – [3] әдебиет негізінде жасалған.		

Яғни, алдында айтылып кеткен бірнеше пункттерді бұлжытпай жүйелі түрде мейрамхана орындап отырса, дағдарысқа ұшырау қаупі төмендейді, тіпті дағдарысқа ұшыраған кезде де одан тиімді әрі нарықтағы бәсекеден айырылмай шыға алады. Жоғарыда айтып кеткендей мейрамхананың ішкі факторын, әсіресе қаржы-экономикалық жағына сын көзбен қарап, мейрамхана басшысы оны қатаң бақылауға

алуы керек. Осымен қатар кіріс, шығыс, өндіріске кеткен қаражат, таза табыс сияқты қаржылық жақтарға мұқият болу керек. Себебі, Таза табыс = өзгермелі шығын + тұрақты шығын + табыс. Осыны есепке ала отырып, мейрамхананың ішкі факторын, қаржылық жағын тепе-теңдікте ұстауға тырысу қажет. Бұл тепе-теңдікті ұстау үшін зиянсыздық графигін қарастырайық [4].



Сурет 1 - Зиянсыздық графигі

AB сызығы тұрақты шығын. AB мен AC сызықтарының арасындағы сызық, өзгермелі шығындар. OX пен AC сызықтарының арасындағы қашықтық үзінділері кәсіпорындағы шығындардың бірігуін көрсетеді. Егер кәсіпорын өнім өндірмесе, яғни шығындардың бірігуі нөлге тең емес, OA кесіндісіне тең болады. Өндірістің мөлшері X-ке тең болса, шығындардың бірігуі  $CX = XB + BC$  болады, бұл жерде XB – тұрақты шығындардың элементтері (OA сияқты); BC – ауыспалы шығындардың элементтері [4].

Мейрамхананы дағдарысқа қарсы басқаруда, қаржылық және ішкі факторларын мейрамхана басшысы тепе-теңдікте ұстаса, кризисті болдырмау немесе болу қаупін азайтуға,

тіпті мейрамханада дағдарыс болса да одан шығуға мүмкіншіліктер алады. Жоғарыда көрсетілген пункттерді мейрамхана әкімшілігі, басшылығы мұқият қарастырып, бақылап, орындағаны абзал. Бұл мақалада дағдарысқа қарсы басқаруға көмек беретін ең негізгі мәселелер қарастырылған. Бұл дағдарысқа қарсы бақылау өте күрделі шара болып табылады. Бірақ әрбір кәсіпкер өзінің кәсібін жақсы, бәсекеге төзімді әрі қазіргі кезде аса ерекше бағаланатын нарықтағы орны тұрақты, қызмет көрсету деңгейі жоғары болсын десе, міндетті түрде бұл басқару түрін меңгеріп, өз мейрамханасында жүзеге асыруы қажет.

### Әдебиеттер:

1. Шепеленко Г.И. Антикризисное управление производством и персоналом: Учебное пособие. – Ростов н/Д: издательский центр «МарТ», 2002
2. Жарковская Е.П. Антикризисное управление: учеб. для студентов вузов, обучающихся по специальности «Антикризис. упр.» и другим эконом. специальностям. / Е.П.Жарковская, Б.Е. Бродский, И.Б. Бродский. – 6-е изд., испр. и доп. – М.:Издательство «Омега-Л», 2009. – 456с.: ил., табл. – (Высшая школа менеджмента)
3. Крутик А.Б., Муравьев А.И. Антикризисный менеджмент. – СПб: Питер, 2001
4. Антикризисное управление: Учеб. пособие: В 2 т. Т. 2.: Экономические основы / Отв. ред. Г.К. Таль. – М.: ИНФА-М, 2004.

**Ермек Қ.А.**

*Халықаралық Бизнес Академиясы  
«Мейрамхана ісі және қонақүй  
шаруашылығы»  
мамандығы, 1 курс студенті*

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы **Калияскарова Э.А**

## **Мейманхана сервисінің түрлері мен ерекшеліктері**

Қоғамдық тамақтану жүйесінде мейрамханалар маңызды рөл атқарады. Мейрамхана бизнесі тұтынушыға тағам мен сусындарды арнайы белгіленген жерде, негізгі гигиеналық және заң талаптарына сай қызметтерді ұсынатын кәсіпорынның бір түрі. Қазақстандағы мейрамханалардың қызметі нарықтық экономика құрылған жылдары көптеген өзгерістерге ұшырады. Халықтың тұрмыс жағдайы жақсарған соң олардың арасында қоғамдық тамақтану орындарына деген сұранысы артып, мейрамхана мен кафе, түнгі клубтардың санының артуына септігін тигізді.

Еліміздің қоғамдық тамақтану орындарының құрылымы Еуропалық елдерден біршама ерекшеленеді. Оларда негізінен қоғамдық тамақтану орындарын мейрамханалар мен кафелер құрайды. Мысалы, Франциядағы мейрамханалар үлесі 41% , Норвегияда 38%, ал Германияда 28% . Ал бізде ресми статистика бойынша мейрамханалар үлесі 4,5%, кафе мен барлар 50%, асханалар 44,5%.

Мейрамхана (французша *restaueur*-күшті қалпына келтіру, тамақ беру, тамақтандыру) – қонақтарға тамақтардың барлық түрін ұсынатын тамақтану орны.

Қонақүй кешендерінің құрылымында бірнеше мейрамхана болуы мүмкін немесе мүлдем болмауы да мүмкін. Ірі әйгілі қонақүй желілерінің құрамына кіретін қонақүйлерде әдетте екі мейрамхана болады: фешенебельді және фирмалық [1].

Кез келген басқа істегідей, мейрамхана сервисінің де өзіне тән ерекшеліктері, айырмашылықтары, нюанстары бар. Ол негізінен мейрамхананың категориясы мен деңгейіне тікелей байланысты: ыдысы мен мүлкінің қандай болуы, мәзірінің ерекшелігі, мейманхананың ауданы, қызмет көрсету түрі және т.б. Мейрамхананың алтын қоры – мейрамханадағы бірегей атмосфераны жандандыратын, жауапкершілігі мол, әжептәуір, маманданған қызметкерлер екендігін рестораторлар растайды.

Бүгінгі таңда мейрамхана сервисі тұтынушыларды жаулаудағы шешуші рөлді атқарады.

Сервистік қызмет көрсетудің бірнеше әдіс-тәсілдері бар. Ең көп таралғандары: француз, ағылшын, америкалық және ресейлік.

Француз сервисі – даяшылар толық қызмет

көрсететін, ең қымбат та, таңдаулы, люкс класындағы мейрамханаларға тән сервис. Қызмет көрсету барысында толық бригада жұмыс жасайды:

- мейрамхана менеджері
- бас даяшы (қонақтарды күтіп алады, тапсырысты қабылдайды, қызмет көрсетуді қадағалайды)
- бас даяшының көмекшісі (тапсырыс пен сусынды қабылдайды, тағамдарды ұсынады)
- тағам ұсынатын даяшы (асүйге тапсырысты апарады, ол жақтан арбашықты әкеледі, үстелді жинайды)
- даяшы (үстелге сервировка жасайды және алкогольді сусындарды ұсынады)

Сервистің артықшылығы: қонақтармен әрдайым байланыс, қонақ өзіне қажет тағам көлемін өзі анықтайды.

Сервистің кемшілігі: еңбек көлемінің молшылығы.

Ағылшын сервисі – қызмет тек қана при-савкасы бар үстел немесе арбашық арқылы жасалады. Тапсырыс берген тағамдар арбашыққа немесе арнайы үстелге қойылады. Дайын тағамдарды қонақтың жанына әкеліп, қонақ өзіне қажет порцияны таңдайды. Даяшы қонақтың көзінше тапсырысын орындайды.

Сервистің артықшылығы: қонақпен мінсіз байланыс, қызметшілердің еркін жүрісі.

Сервистің кемшілігі: көп уақытты қажет етеді.

Америкалық сервис – тағамның әр компоненті өзіне арналған ыдысқа салынуы қажет. Безендірілген тағамдарды официанттар арнайы үстелге орналастырып, шығарады. Тарелкелерді қонақтың алдына арнайы сервировка технологиясымен орналастырады. Бұл сервис түрі біздің мемлекетімізде көптеп таралған. Бірақ оны көп жағдайларда басқа сервис элементтерімен толықтырады. Сервистің артықшылығы: еңбек көлемінің төмендігі; қызметшілердің аздылығы. Сервистің кемшілігі: қонақпен байланыстың әлсіздігі; порциялардың тұрақтылығы.

Ресейлік сервис – тағамдар ресторан асханасынан үлкен порциялық тарелкелерге салынып, залға шығарылады. Қонақтар керек порцияны өздері немесе даяшы көмегімен салады. Бұл сервис көбінесе банкеттер мен ресми астарда қолданылады. Сервистің артықшылығы: қонақ



өзіне қажетті тағам көлемін таңдайды;Сервис кемшілігі: тағамды тәжірибесі аз қонақтар салғанда, тағамның эстетикалық түрі өзгереді[2].

Негізінен, мейрамхана сервисі басқа қызмет көрсету компанияларының сервисінен айырмашылығы аз. Екі жағдайда да басты міндет тұтынушылардың көңілінен шығу.

Мейрамхана сервисі - ол, ең әуелі қызмет көрсету мәдениеті. Әр қонақ өзіне деген шын ниетті қатынасты мейрамханаға келген бойда сезінуі керек. Әрине, ең басты жауапкершілік - даяшының иығында. Ол қызмет көрсету техникасын ғана емес, этикет негіздерін де жетік меңгеруі қажет. Біріншіден, үстелге жақындағанда қонақпен амандасып, дұрыс орналасуын қадағалауы қажет. Егер даяшы қонақтарды өзі орналастырса, онда әйел адамды еркек адамның оң жағына орналастыруын және әйел адамдарды бірінші орналастыру қажет екендігін білуі қажет. Егер даяшы мен қонақ залда соғылысып қалса, даяшы жол беруі қажет. мейрамхана этикеті бойынша, даяшы мәзірді ашық бойында ұсынады. Ал егер, бір топ адамдар болса, жасы үлкенінен бастайды. Қонақтармен сөйлесу барысында даяшы қонаққа қарап сөйлеуі қажет, жан-жаққа қарап сөйлеу- мейрамхана этикетіне сай емес.

Қызмет көрсету мәдениеті тек қана дұрыс қарым-қатынаста емес, аспазшының жан-жақты бақылауында да айқындалады. Тағамды қонаққа ұсынбас бұрын, даяшы оның эстетикалық

түрін тексеріп, қателіктері болса, қайтадан ас үйге жіберіп, аспазшының қателіктерді түзетуін қадағалауы қажет.

Қызмет көрсету әдістеріне тоқталатын болсақ, ол төменде көрсетілген:

- «а-ля карт» қызмет көрсету;
- «а парт»;
- «табльдот»;
- шведтік стол;
- буфеттік қызмет көрсету.

«А-ля карт» қызмет көрсету кезінде қонақтар өзіне қажетті тағам мен сусынды таңдайды және қонақтар өзіне ұнаған тағам туралы даяшыдан ақпарат алу мүмкіндігі бар.

«А парт» қызмет көрсету кезінде келген қонақтар алдын-ала тапсырыс береді, оларға бекітілген уақыт аралығында қызмет көрсетеді.

«Табльдот» қызмет көрсету кезінде қонақтарға ас мәзірін ұсынады және сол уақытта қызмет көрсетіледі, қызмет көрсету барлық қонақтар толық жиналғанда ғана жүргізіледі.

Шведтік стол кезінде мейрамхана залына кіру мүмкіндігі бар, қызмет көрсету жылдам жүргізіледі, біліктілігі жоғары персоналды аз қажет етеді.

Буфеттік қызмет көрсету кезінде қонақтар өз-өзіне қызмет көрсетеді, персоналдар тағам түрін толықтырады және тағам таңдауда кеңес береді, сусындар мен шараптарды ашып қояды, қолданылғандарды ауыстырады, жинастырады.

### **Әдебиеттер:**

1. Оробейко Е.С. Организация обслуживания: рестораны и бары: учебное пособие / Е. С. Оробейко. - М. : Альфа-М, 2010. - 320 с.
2. <http://www.mos-restorator.ru/guide/239/>.

## **«ЭКСПО -2017» көрмесінің Қазақстандағы туризм индустриясына әсері**

Туризм француз тілінен алғанда (tourisme; tour – серуен және сапар) адамдар алғашқы уақыттан бастап көптеген серуен нәтижесінде бір талай жаналықтар ашқан. Туризм экономикадағы сауықтыру және тамақтану индустриясын қамтитын бір саласы болып табылады. Мемлекеттің экономикасының өсуіне көптеген ықпал тигізеді. Біріншіден – қызмет көрсету саласындағы жұмыс орындарының өсуіне, екіншіден – мультипликативті нәтиже (басқада экономика саласы мен байланысы), үшіншіден мемлекет бюджетіне салықтың тусуі болып табылады. Қазіргі туризм ХІХ ғасырда (6 шілде 1841 жыл) Англияда пайда болды. Оның негізін қалаушы ретінде Томас Кук (1808–1885) бірінші туристік ұйым ашқан [1].

Туристік қызмет – бұл тек қана сапарлар қызметі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің және көптеген секторлардың пайдасы. Туристік пайда мейрамхана, қонақ үй, көлік және т.б. түседі. Мемлекеттің басты қызметі: туризм саласының саясатын анықтап және дайындау, жүзеге асуын бағдарлау, қызмет нәтижесінің механизмін зерттеу және бақылау; туризмге жақсы жағдай жасап, көптеген серіктестіктер қызметін үйлестіру, ішкі құрылым мен қоршаған ортаның қоғамға әсерін қалыптастыру; туризм және маркетингке инновация мен кооперация арқылы қолдау жасап, мемлекеттің жағымды бейнесін тұжырымдау. Мемлекеттік сектор ақпараттық технологияларға көңіл бөледі.

Туризмдегі жаңартпалар көптеген факторларға ықпалын тигізеді: экономикалық және технологиялық; саяси және құқықтық; әлеумпсихологиялық және мәдени. Қазақстанның туризмімің мықты және әлсіз жақтары бар: мықтыға (халықтың қонақ жайлығы, географиялық орны және Экспо-2017 де кіреді), ал әлсізге (-туризмнің ішкі құрылымның дамымағандығы, қонақ үйлердің және қызметтің сапасыздығы, шетел туристеріне қызмет базасының жабдықталмағандығы және т.б.). Мүмкіндіктері де бар: тарихи, діни және табиғи тұрғыда Қазақстан өлкесін дамыту қалалардың өсу шамасына ықпал етеді, шағын және орта бизнестерді туризм индустриясына тарту. Қауіпі де бар: бәсекелестік, қалалар жайлы ақпараттың және инвестицияның аздығы туризм саласының дамуын тежейді [2].

Халықаралық көрме бюросы – Әлемдік жә-

не Халақаралық Экспоны бақылайтын және бағалайтын үкіметаралық ұйым болып табылады. 1928 жылы халықаралық конвенциямен Францияның Париж қаласында құрылған, оның рөлі - Экспо және оның қатысушыларын бақылап оларға кепілдік беру, мақсаты – қоғамды үйретіп, адам өміріндегі прогреске жаңарпашылық еңгізу. Экспо сонымен қатар адамның жетістіктеріне ғана баға беріп қоймай, сонымен қатар алға ұмтылу жол картасын ұсыну болып табылады.

Экспоның шығу 1851 жылы Лондон қаласында болған, яғни бір ғасыр бұрын ХКБ пайда болғанығ көреміз. Парижде 6 жарқын Экспо өткен 1855, 1867, 1878, 1889, 1900 және 1937 жылдары. Соған қоса Экпо Венада 1837жылы, Барселонада 1888, Брюссель 1897 және Сент-Луис 1904 жылдарында өткен. Қазіргі уақытта 167 мемлекеттер ХБК-ның мүшелері [3].

Лондондағы 1850 -1851 жылдары Эксподан таза шыны сарайы салынған, ол 14000 қонақ күтуге сиымдылығы болған. Соның ашылуынан 6 ай болған соң 827280 қонақтар келген. Бұл мемлекетке үлкен пайда әкелді. Оны сла үшін 150 000 фунт кеткен болса, ол 6 ай ішінде 160 000 фунт ақша әкеліп салынған құның жапты [4].

Парижде 1889 жылы Эксподан Эйфель мұнараса салынған, оны салуға 7,8 млн франк кеткен. Бірақ ол көрме ашылғаннан бастап кеткен құның қайтара бастады. 6 айдан соң «темір ханым» 2 млн-ға жуық қонақ келді және құрылыстың ¼ бөлігін қайтарып алды. 2003 жылы 6 719 200 адам және құрылғаннан бері 236 445 812 адам мұнараға келген. Осындай көрсеткіштерге карап отырып парижді туристік озық қалалар арасына қосуға болады. Күнделікті 25-30 мың адам келіп жылына 7 млн туристтер санын көрсетеді[5].

Қазақстан ХКБ ұйымы қатарына 1997 жылы қабылданды.ЕХРО көрмелері екі түрде өткізіледі: 1)Халықаралық Тіркелген көрме (Әмбебап), ұйымдастыру жиілігі - 5 жылда бір рет; ұзақтығы - ең көбі 6 ай; алаңы – шектелмеген; тақырыбы – барлық қатысушыларға ортақ. 2) Халықаралық Танылған көрме (Мамандырылған), ұйымдастыру жиілігі – екі Халықаралық Тіркелген көрме аралығында өткізіледі; ұзақтығы - ең көбі 3 ай; алаңы – ең көбі 25 га; тақырыбы – мамандырылған.


Сарагосадағы 2008 жылғы ЕХРО-да, Қазақстан 104 қатысушы елдер арасында "С" санатындағы павильондар арасында павильон рәсімдеудің ішкі және сыртқы критерийлері бойынша қола марапатқа ие болды.

Қазақстана павильоны «Азия» аймағында Жапония мен Оңтүстік Кореямен көршілес орналасқан. Шанхай ЕХРО-2010-дағы Қазақстан павильонының басты мақсаты – Астананы халықаралық деңгейде әлемдегі ең жас және қарқынды дамып келе жатқан елдің астанасы ретінде таныстыру. Қазақстан ұлттық экспозициясының тақырыбы «Астана – Еуразия жүрегі». Павильонға 1 млн. жуық адам келді.

Қазақстан төрт рет ЭКСПО Бүкіләлемдік әмбебап көрмесінде өз павильонын орнатты. Қа-

зақстан өз павильонын мәдениет пен ғылымдағы, бизнес пен туризмдегі дәстүрлерге және инновацияларға сәйкес құрды. Павильон су тақырыбына арналып, Қазақстан тарихы мен дәстүрлері, оның заманауи өмірі және болашақ перспективалары туралы әңгімеледі. Біздің павильон 6 аймақтан тұрды. Келушілер бүкіл павильондар бойынша көрсетілген интерактивтік шоуды тамашалады және оған қатысты. Қазақстан павильоны ол кезде «Болашақ энергиясы» тақырыбы бойынша ЭКСПО-2017 көрмесін өткізуге үміткер қала Астанаға ерекше назар аударды [6].


Colliers International компаниясыForbes.kz-ке Астана қаласында болытын көрмеге максимум және минимум қонақ үй орындарын берді.



Сурет 1- Қазақстандағы 2013 жылғы халықаралық брендтік нөмірлер саны

Осы кестеде 2013 жылғы қайтадан құрылыстағы халықаралық брендтік нөмірі бар қонақ үй саны 589-ға жетті. Бұл әрине, мемлекетте жалпы жеткілікті көрсеткіш болып табылмайды. 2013 жылдың барысында халықаралық брендте қолданатын үш қонақ үй саналады. Оған Park


Inn жүйесіндегі Rezidor Hotel Group Астандағы қонақ үйі на 248 нөмірімен, Best Western Atakent Park Hotel Алматыдағы на 196 нөмірімен және соңғы болжамды жоба арасындағы The Ritz-Carlton Алматыдағы на 145 нөмірімен Marriott International брендтік компанияға кіретін топ.



Сурет 2 - 2014 халықаралық деңгейде қайта жөндеуден өтетін (жаңадан\*) салынатын қонақ үйдегі нөмірлер

2014 жылы қайтадан жөндеуден өтетін қонақ үйдегі нөмір саны 1290 нөмірге жетті. Бұл нөмірлер қоры алты қонақ үйдің жалпы нөмірін береді. Оның үшеуі Астанадағы - Marriott-тағы 283 нөмірлер, Hilton Garden Inn-дағы 229 нөмірлер және Ibis-тағы 280 нөмірлер. Сонымен қа-

тар басқада аудандарда қонақ үй салу жоспарланды. Олар: Sheraton Ақтөбедегі 177 нөмірлер, түрік жүйесіндегі Dedeman Өскемендегі 135 нөмірлер және Rixos Шымкенттегі 186 нөмірлер жобаланған.



Сурет 3 - 2016 жылға қызмет көрсететін және бекітіліп салынатын қонақ үйдегі нөмірлер саны

Бұл суретте көріп отырғандарыңыздай, нөмірлердің басым бөлігі Астана және Алматы. Басты себебі – республикамыздың мегополисі болып саналатын қалалар болғандығы. 2016 жылы салынып дайын болатын қонақ үйлердегі нөмірлер саны, ол: Астанада - 952, Алматыда -150, Өскеменде - 135, Шымкентте - 186 және Ақтөбеде - 177 нөмірлер жобасы бекітілген.

Бастапқыда «Экспо – 2017»-ге 2-3 млн қонақ күтілген, бірақ қазіргі уақытта 8 млн адамға жуық келуде деп күтілуде (2017 жылдың 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында). Минимум екі орындық нөмір есепен алғанда – 10870 нөмір қажет, ал максимум – 608696 нөмір қажет. Ұлыбританияның өзінде барлық нөмірлер – 500 мың нөмір құрайды. Астанадағы жоспарланған нөмірлерді қосқанда 1994 нөмір санын құрайды. Бірақ ол Экспо - 2017 көрмесі күнде болмағандықтан Colliers International компаниясы апартамент-қонақ үйлер салуын ұсынады [7].

Қорыта келгенде, туризм – дамыған елдердегі пайда көзі болып табылады. Ол елдің экономикасымен тығыз байланысты. Елбасымыздың ұсынып отырған стратегиясы -2050 бойынша Экспо - 2017 үшінші даму индустриясына өтудің бас көзі болып саналады. Яғни Қазақстан мемлекетіміз осы көрме барысында көптеген

мемлекеттерге танымал болып, шетел азаматтарын қызықтыруда. Жоғарыда атап өткендей Лондондағы және Париждегі Эксподан қалған мұнаралар, қанша жыл өтсе де күнделікті шетел азаматтарын қызықтыруда. Осыған байланысты көптеген қонақ үйлер ашылып, сонымен қатар мейрамханалардың одан әрі дамуына үлес қосады. Жалпы Экспо – 2017 туризм индустриясына үлкен ықпал тигізуде. Сол себептен Қазақстан көптеген қалаларын басқа шетел азаматтарына жаранама ретінде де көрсету өте қолайлы. Шетел азаматтары көптеген таңғажайып орындарды көріп, бізге келушілер қатарын қосылар еді. Сол себептен туризм индустриясына үлкен назар бөлуіміз керек. Мысалы, Қарақаралы ұлттық паркін алатын болсақ өте әдемі және экологиясы жағынан экотуризмді дамытуға болады. Ал Көкшетаудан курорттық туризмді дамытуға, Шыңбұлақтан спорт туризміні дамытып, сонымен қатар Сарыарқадағы көптеген таулы жерлердегі үнгірлері бар жерден мәдениетанулық туризміні, ал Сарыағаш сияқты жерлерде емдік туризмін әлемдік деңгейге жеткізсе, Қазақстан Республикасының экономикасы күрт өсер еді.

### Әдебиеттер:

1. Буйленко В. Ф. Туризм. Учебное пособие. М.:Феникс, 2008.- 416с.
2. Новиков В.С. Инновации в туризме. Учебное пособие. М.: ИЦ «Академия»,2007.-208с.
3. <http://www.bie-paris.org/site/en/>
4. The Great Exhibition of 1851. Duke Magazine Volume 92, No.6, November-December 2006
5. [http://www.moyparis.ru/e\\_tower.php](http://www.moyparis.ru/e_tower.php)
6. <http://www.expo2017astana.com/kz/page/historyofexpo/>
7. [http://forbes.kz/process/property/skolko\\_oteley\\_nujno\\_kazahstanu\\_dlya\\_expo-2017](http://forbes.kz/process/property/skolko_oteley_nujno_kazahstanu_dlya_expo-2017)

## Қазақстан Республикасындағы қонақүй бизнесінің даму келешегі мен мәселелерді шешу жолдары


Қонақүй бизнесі - қазіргі уақытқа дейін бүкіл әлемде табысы мол бизнес түрі болып табылады. Сәйкесінше қонақүйлер күннен-күнге саны жағынан артқанымен, осы салаға инвестиция құю өте тиімді болып табылады. Бір байқайтын жайт, қазіргі таңда Қазақ еліне шетелдік қонақтар жиі ағылып келуде. Оның басты себебі, Қазақ жерінде өз бизнесін ашу немесе белгілі бір салаға инвестиция құю. Сол себепті де еліміздегі қонақүй бизнесі жоғары деңгейде дамып келеді. Бірақ бір ескеретініміз, әрбір елде қонақүйдің дамуы туризм саласының дамуымен тікелей байланысты.

Туризм – ауқымды және қарқынды дамып келе жатқан әлемдік экономиканың бір саласы. Әлемнің көптеген елдерінде ол валютаның негізгі кіріс көзі болып табылады [1]. Дүниежүзілік Сауда Ұйымының ақпаратына сәйкес халықаралық экспортта туризм 2010 жылғы көрестекіште табыс бойынша 1 орынға шықты [2]. Ал біздің елімізде туризм жақсы дамуы үшін заманауи инфраструктура құрып, орналастыру саласын халықаралық стандартқа сай жасауымыз керек.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2020 жылы Қазақстан әлемнің бәсекелесуге қабілетті 50 үздік елдің қатарына кіреді және де еліміз іскерлік қолайлы орта туғыза алатын және соған сәйкес шетелден елдің экономикасының шикізат емес секторларына қаржы тартуға қабілетті ел болады. Еліміздің бас қаласы – Астанаға ерекше көңіл бөлінеді. 2030 жылға дейінгі Астана қаласының стратегиялық тұрақ-

ты даму жоспарына сәйкес бас қала ретінде өзіміздің отандастарымыз бен келген қонақтарды қызықтыру мақсатында әсем де байтақ, бәсекелестікке қабілетті қала болады [3]. Сонымен қатар солтүстігіміздің бас қаласында EXPO 2017 көрмесі өтпек, соған орай Астанамызда 38 жаңа қонақ үй салынады деп мәлімдеді Иманғали Тасмағамбетов. Соның арасында әлемге әйгілі «Хилтон», «Мариотт», «Ритц-Карлтон» және «Фор Сизонс» қонақүйлері де бар [4]. Осының барлығы Қазақстандағы туристік саланың дамуына және қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады. Жекелей алғанда бұл қонақүй бизнесінің жандануына және туристерге қызмет көрсетуге арналған жаңа қонақүйлердің салынуына септігін тигізеді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 1997-2012 жылдар аралығында еліміздегі қонақүйлер саны 1400-ге, нақтырақ айтқанда 45 есеге артты. Егер 1997 жылы 1 қаңтарда отанымызда 32 қонақүй жұмыс жасаса, 2013 жылғы мәліметтер бойынша 2012 жылы 1432 қонақүй тіркелген. Біз бұл мәліметтен қонақүйлер санының тез артқанын байқаймыз. Бұған бірден-бір себеп елде халықаралық іс-шаралардың жүргізілуі. Мысалы, ЕҚЫҰ Саммиті ( 1- 2 желтоқсан 2010 ж. Астана қ.), VII қысқы Азия ойындары (2011ж. қаңтар Астана және Алматы ққ.), сонымен қатар әртүрлі көрмелер мен конгрестер, семинарлар мен медиафорумдар шетелдік туристтердің санын көбейтуде. Келесі диаграммадан әр облыстағы 2012 жылғы көрсеткіш бойынша қонақүйлердің санын көре аламыз (1-сурет).



1-сурет. 2012 жылғы әр облыстағы қонақүйлер саны

Ескерту – ҚР-ның статистикалық мәліметтеріне негізделі автормен жасалған

Бұдан басқа, қонақүй секторының және ішкі туризмнің дамуын тежейтін баға үйлесімсіздігі де бар, нақтырақ айтқанда дәл осы фактор қо-

нақүй бөлмелерінің толы болуына кері әсерін тигізеді [5].

**1-кесте. 2008-2012 жж. Республикадағы облыс бойынша қонақүйлердің толу пайыздық (%) көрсеткіштері**

Аудан	2008ж.	2009ж.	2010ж.	2011ж.	2012ж.	Ауытқу 2012-ден 2008 жж.
Ақмола	15,1	12,6	13,9	29,9	21,7	6,6
Ақтөбе	28,6	31,2	24,9	30,9	17,6	-11,0
Алматы	14,6	14,6	11,9	10,1	13,1	-1,50
Атырау	55,8	62,7	60,0	57,0	49,8	-6,0
Батыс Қазақстан	56,7	24,9	20,9	33,3	18,8	-37,9
Жамбыл	26,6	25,3	28,0	29,2	29,6	3,0
Қарағанды	16,1	13,4	13,7	14,6	15,0	-1,1
Қостанай	32,9	27,6	26,7	35,9	33,3	0,4
Қызылорда	16,2	17,1	23,0	18,5	18,3	2,1
Маңғыстау	58,5	55,3	64,0	92,6	54,1	-4,4
Оңтүстік Қазақстан	17,4	13,7	17,4	17,0	13,1	-4,3
Павлодар	12,8	11,4	13,3	22,6	20,1	7,3
Солтүстік Қазақстан	27,7	14,4	10,5	10,7	13,5	-14,2
Шығыс Қазақстан	12,8	11,0	11,5	14,7	14,2	1,4
Астана қ.	35,1	27,4	29,7	32,0	36,6	1,5
Алматы қ.	29,1	22,3	23,3	26,3	42,1	13,0
Қазақстан Республикасы	23,5	20,4	21,3	25,8	26,4	2,9

1 кестеден көріп отырғанымыздай, 2013 жылдың 1 қаңтарында қонақүйлердің толтырылуы республика бойынша 26,4% құрады, 2008 жылмен салыстырғанда небәрі 2,9%-ға жоғарылаған. 2012 жылғы аудандардағы қонақүйлердің толтырылу коэффициенті бойынша көшбасшы Маңғыстау (54,1%), Атырау (49,8%) облыстары, Алматы қаласы (42,1%), Астана (36,6%). Бұл аудандардағы жоғары көрсеткіштер тікелей бизнес-туризммен байланысты: Маңғыстау, Атырау облыстарында мұнай өңдеу кәсібінің дамуы, Алматы, Астана әртүрлі халықаралық оқиғалар мен бизнестің дамуы, сонымен қатар инвестициялық көзартарлық пен туризмнің дамуы. Бірақ, жоғары көрсеткіштермен қатар кейбір облыстарда 2008 жылмен салыстырғанда қонақүйлердің толуы төмендеген: Батыс Қазақстан (-37,9%), Солтүстік Қазақстан (-14,2%), Ақтөбе (-11%) [5].

Қонақүй бизнесі, экономикалық қызметтің

бір саласы болып табылады, тікелей немесе жанама жұмыс орнын қалыптастырады және сонымен қатар, мемлекеттік қазынаны шетелдік валютамен толтырудың маңызды саласы. Әлемде әрдайым қонақүйге қатысты маңызды тұжырымдамалар қабылданып, ескілерін жаңарту жүріп жатады. Қонақүй және мейрамхана сервисінің көрсеткіші бойынша іскер адамдар мемлекеттің қандай жағдайда екенін жорамалдайды, қонақтар үшін бұл мемлекеттің визит карточкасы. Қонақүйлер мен мейрамханалар – туризм инфрақұрылымының маңызды элементі. Қонақүй бизнесін әлемдік өркениетке жеткізу үшін алға қадам басу қажет, яғни халықаралық тұрақты стандарт, сапа, қызмет ету көрсеткіштерін әлемдегі қонақүйлермен сәйкестендіру қажет. Осыларды қорыта келе, Қазақстандағы қонақүй өнеркәсіп жағдайының болашағы мен мәселелерін тұрақты жүйеге келтіру үшін SWOT-талдау келтірілген (2-кесте) [6].

**2-кесте. 2012 жылғы Қазақстандағы қонақүй саласының жағдайы туралы SWOT-талдау нәтижесі**

Әлсіз тұстары	Мықты жақтары
1	2
<ul style="list-style-type: none"> <li>- орташа және шағын қонақүйлерде тиімді менеджменттің жетіспеушілігі;</li> <li>- қонақүйде қонақтардың аз болуы;</li> <li>- кішігірім қонақүйлерде қосымша қызмет көрсету ретінде компьютерлік базамен толықтай қамтылмауы;</li> <li>- логистика маман иелерінің жетіспеушілігі;</li> <li>- тұрғылықты халық үшін бағаның тым жоғары болуы;</li> <li>- шығынға ұшыраған кәсіпорындардың шамадан тыс көп болуы;</li> <li>- үлкен мөлшердегі категорияланбаған қонақүйлер;</li> <li>- қонақүй шаруашылығының ауылдық жерлерде нашар дамуы;</li> <li>- көптеген қонақүйлерді қайта жандандыру мен қонақүй шаруашылығына инвестиция тартудың қажеттілігі;</li> <li>- көптеген қонақүйлерде толықтай қауіпсіздік жүйесінің көзден таса қалуы;</li> <li>- саладағы шығынның өсуі;</li> <li>- ішкі аумақтағы және кірушілер туризміне қарағанда елден кетушілер туризмінің басымдылыққа ие болуы саланың дамуынан кері әсерін тигізуде және көптеген кәсіпорындарды құрдымға апарды, сонымен қатар мемлекеттік бюджеттен қонақ үй саласына аударылған қаражаттың төмендеуі;</li> <li>- шетелдер мен ел ішіндегі жарнамалардың жеткіліксіздігі тұтынушылардың ақпараттанбауын көбейтеді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- үлкен кәсіпорындарда тиімді менеджменттің үлгі ретінде болуы;</li> <li>- ең таңдаулы қонақүйлерде логистикалық операциялардың тәжірибесінің болуы;</li> <li>- қонақүй шаруашылығында тиімді менеджментті дамытудың әрдайым жолын іздестіруі;</li> <li>- Қонақүй және мейрамхана қауымдастығының (КАГиР) тарапынан әлемдік табыстарды сараптауға және соны қазақстандық қонақ үй саласына енгізуге қол ұшын беруі;</li> <li>- елдегі тұрақты жағдай;</li> <li>- сақтандыру нарығының қарқынды түрде дамуы;</li> <li>- қонақүй қызмет көрсету саласында бәсекелестіктің өсуі;</li> <li>- елдегі қонақүй ғимараттарының қайта жөндеу жұмыс қарқынының тұрақты болуы;</li> <li>- заң шығарушы және салық базасының өрістеуі осы саладағы шағын және орташа кәсіпорындардың дамуына жол ашады;</li> <li>- менеджменттің жоғары сатыға көтерілуі осы салаға жұмыскерлерді тартуға және оларды қонақтармен қатынасу жүйесіне оқытуға септігін тигізуде;</li> <li>- қонақтардың толыққанды қауіпсіздігін қамтамасыз ету қонақүйдің беделін асқақтатады;</li> <li>- ұйымдық мәдениетті ұйымдастыру бәсекеге қабілетті ортада қонақүйді өзгелерден ажыратып, бренд жасауға көмектеседі;</li> <li>- қонақүйлердің категорияларға түгелдерлік бөлінуі қонақтардың болашақтағы үмітін анықтайды.</li> </ul>
<p>Ескерту: [6] әдебиет негізінде автормен жасалған</p>	

2-кестеде көрсетілген SWOT-талдау болашақта Қазақстандағы қонақүй индустриясының мәселелерін шешу мен жоғарғы қарқынмен тез дамуына негіз салу үшін осы саланың басымдылық жақтарын қарастыруды талап етеді. Автордың пікірінше осы басымдықтарға жататындар:

- Қонақүйлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында еліміздің барлық аумақтарында оларды ұлттық негізде категорияларға жіктеп, әрқайсысына өзіне тән дәрежелерді беру қажет;
- Қонақүйлерде логистикалық операцияларды жүзеге асырып қана қоймай, кәсіпқой маман ретінде келген қонақтарға компьютерлік техника жағынан көмектесу, яғни жоғары дәрежедегі маман

иелерін дайындау;

- Қағидалар мен нормаларды және менеджмент пен маркетингтің даму ережелерін белгілеу үшін жоғары деңгейдегі қызмет сапасын жасау басты бағыттағы негізгі құрылғы болып табылады. Жаһандық қонақүй шаруашылығында қалыптасқан және қызмет көрсетіп жатқан стандарттар көлемінде тұрақсыз нарықтық ортаға қонақүйлердің бекінуі.

Қазақстан үшін басым болатын бірінші мәселені шешу үшін ең алдымен елімізде ұлттық қонақүйлерге өте айқын классификациялауды қабылдап, сол арқылы қызмет көрсетіп жатқан қонақүйлерді жіктеп, категориялауды өз еркіндегі емес, міндетті түрге келтіру керек. Негіз

ретінде Қазақстан Еуропалық стандарттау жүйесін немесе Әлемдік Сауда Ұйымының стандартын алуға болады. Осы мәселені шешу үшін келесі тәсілді ұсынуға болады – КАГИР ұйымының мүшелері қонақүйлерге нақты классификацияны қабылдап, соған сәйкес мемлекеттік стандартты қалыптастырады. Осы стандарт ҚР-дағы қонақүй қызметін жүзеге асыру құқығы лицензиясына кіретін қонақүйлерді бағалау дәрежесі базасына қызмет етуі тиіс.

Екінші мәселені елдегі жақсы мамандарды дайындау арқылы шешуге болады. Жоғарғы деңгейдегі мамандарды дайындау қонақүй индустрия саласына аса қажет болғандықтан емес, олар қазіргі уақытта қызмет көрсетудің барлық түрлеріне және ақпараттықпен қатар материалдық ағындарда жұмыс істейтін барлық жерде қажет. Қонақүйлер логистика мамандарын аса қажет ететіндігін көзден таса қалдырмау керек. Логистика мамандары экономист және бағдарламашы ретінде екі бағытта да оқытылуы тиіс, сол себепті оларға арнайы оқу бағдарламаларын ұйымдастыру қажет. Осы мамандар еліміздің қонақүй шаруашылығында жетіспейтіндігі айқын байқалады. Мысалы, «InterContinental» қонақүйі қызметі 8 км қашықтықта орналасқан әуежаймен және 4 км қашықтықта орналасқан теміржол станциясымен тікелей байланысты. Бір мезгілде оның желісіне әр қалада, кейде әр мемлекетте орналасқан қонақүйлер кіреді. Осындай үлкен шаруашылықты ақпараттық жүйесіз басқару мүмкін емес, сондықтан қонақүй тізбегінде осындай жүйе қалыптастыруға ерекше мән берілуі керек. Сонымен қатар бұл жүйелер қатарына брондау жүйесі, спутниктік теледидар, халықаралық байланысқа тікелей шығатын телефон, WI-FI және т.б.

Заманауи корпоративтік ақпараттық желі қонақтармен және жеткізушілердің түйіндес қызметімен өте жоғары жылдамдықта қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, сонымен қатар әртүрлі саладағы саладағы бизнес кәсіпорындарының деректер қорына онлайн мәлімет алуды қамтамасыз етіп, қызметкерлердің уақы-

тын үнемдейді және қызмет көрсетудің сапасы өскенімен баға сол қалпында қалады.

Қазақстан қонақүй басқару индустриясындағы үшінші негізгі мәселенің шешімі қонақүй қызметінің сапасын арттыру мәселесін шешумен тығыз байланысты. Осы мәселені шешу нәтижесінде бәсекеге қабілеттілік деңгейі орнатылады және қызмет көрсету сапасы мен оған қойылатын баға арасында байланыс туады.

Дүниежүзілік кеңістікте тәжірибе сапасын іске асыру жүйесі – Жалпылама Сапаны Басқару – Total Quality Management (TQM). Мұндай жүйені құрастырудағы негізгі еңбек Жапонияға тиесілі. Қызмет көрсету саласы үшін бұл жүйенің негізгі мән-мағынасы келесідей:

- Фирма қызметкерлерінің жұмыс орындарында эмоционалды орта жетілуі үшін, ізгіниеттілік пен бір-біріне көмек беруге дайын болу үстем болу қажет;
- Сапалы жұмыс сәйкесінше мотивациялық саланың жақсаруына себепші болады;
- Барынша көтермелеу адами қордың дамуына және өз бетімен білім алуына септігін тигізеді;
- Бағыныштыларға көмек ретінде сыйақы беру басшылық пен қызметкер арасындағы қарым-қатынасты жетілдіре түседі;
- Топ қызметкерлері өзара елеулі түрде және тұрақты көмек көрсетуі қарым-қатынастарының жетілуіне әсер етеді [7].

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, қазақстандық қонақүй қызметі даму сатысынан бастап бүгінгі күнге дейін жеткілікті өзгерістерді басынан өткерді. Әлемдегі ахуал өз ізін қалдырды, бірақ өзіндік мәселелері де жеткілікті. Дегенмен қонақүй қызметінің деңгейі – туристерді қызықтыратын басты көрсеткіш және де ары қарай бірнеше сатыға жоғарылатуды қажет ететін еліміздің бет-бейнесі, сондықтан жоғарыдағы көрсеткіштерді саралай келе қонақүйді дамытуға әлі де көп қаражат тарту керек деген ойдамын. Болашақта елімізде көптеген іс-шараларды өткізу қонақүй секторының экономикалық дамуына өз септігін тигізеді.

### Әдебиеттер:

1. Бердалиев К. – Приоритеты управления экономики в переходном периоде//Экономика Казахстана на пороге XXI века. Сб.науч.статей. – Алматы: Экономика, 1998. – 215 с.
2. <http://www.stat.kz/> Агентство РК по статистике
3. Запесоцкий А.С. Стратегический маркетинг в туризме: Теория и практика. -СПб.:СПбГУП, 2003.-352с.
4. [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/38-gostinits-postroyat-v-stolitse-k-EXPO-2017-248341/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/38-gostinits-postroyat-v-stolitse-k-EXPO-2017-248341/)
5. Лебедь О.Л. – Современная состояние, проблемы и перспективы развития гостиничного бизнеса в республике Казахстан. – Алматы технология университетінің хабаршысы. №4 – 2013ж.
6. Г.Н.Юльчиева – Гостиничный бизнес: теория, практика, перспективы для Казахстана – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2011. – 476с.
7. Исакова К. Японские методы управление качеством. Сокр. науч.статей. – Алматы: Экономика, 1998. – с. 184-195



**Іскендірова И. Б.,**

**Алдаберген Ш.Т.**

*Халықаралық Бизнес Академиясы  
«МЖҚШ» мамандығының 1 курс  
студенттері*

Ғылыми жетекші:

**Калияскарова Э.А.**

## **Қоғамдық тамақтану орындарында қонақтарға сусындарды ұсыну тәртібі**

Әр елдің өзінің құрмет тұтатын сусыны болады. Адамдардың өмір сүретін жеріне байланысты құрмет ететін сусындары әртүрлі, бір елде шай немесе кофені құрмет тұтса, басқа елде сыра мен шарапты құрмет тұтуы мүмкін. Негізінен сусындар категориясы бойынша алкогольді және алкогольсіз болып бөлінеді. Алкогольді сусындардың өзі үлкен үш топқа: шарап, сыра және спиртті мықты сусындар болып бөлінеді. Ал алкогольсіз сусындар, салқындай және ыстықтай берілетін болып бөлінеді [1,425 б.].

Шарап. Алкогольді ішімдік(сусын),жүзім жидектерін біртіндеп немесе толығымен ашытудың нәтижесіндегі жүзім шырынынан жасалатын сусын. Шарапты өндіру үшін техникалық кемелденген (техн. піскен) немесе пісіп кеткен жүзім (қанттылығы 40% аспайтын) қолданылады. Шараптың химиялық құрамы өте күрделі болып келеді. Су мен этил спиртінен басқа (530-950 г/л) оның құрамында: органикалық қышқылдар – оның ішінде көбінесе (көп мөлшерде)жүзім (0,4-5,6г/л) мен алма(8г/л дейін) және аз мөлшерде лимон, янтарь (кәріптас), сүт, сірке қышқылдары, қант (глюкоза мен фруктоза - 30-300 г/л), илік, бояулы, экстрактивті (сығып алынған), минералды заттар, ашытқылар (ферменттер) және (Р, РР, В1 ,В6, В12 және т.б) витаминдері кіреді. Шарап үлкен құнарлылығымен ерекшеленеді: 1л құрғақ шараптың құрамында шамамен 2500-3300 Дж (600-800 кал) болады, шараптың бактерицидтік қасиеттері де бар: суға 1/3 ас қасық шарап қосса көптеген бактериялардың жойылуына негіз болады, сонымен қатар, сүзек бактерияларын, тырысқақ вибриондар мен ішек таяқшаларын жояды. Қызыл шараптарда Р витамині көп болады,ол қан тамырының қабырғаларын бекітуге және С дәруменін ағзаға жақсы сіңдіруге көмектеседі [2,106 б.].

Әр мейрамханада шараптың картасы болады. Ол жерде әр шарап жайлы мәліметтер жазылады. Шарап картасының мазмұны тым көп және үлен болғаннан, мазмұны қысқаша және көлемі қысқа болған дұрыс. Тым үлкен шарап картасын көрген клиент, барлық шарап түрлерін қарағысы келмей, тек өзіне танымал ша-

рапты ғана іздейді. Шарап түрлерінің сұранысы мезгіліне қарай әртүрлі болады, мысалға ақ шарап жазда үлкен сұранысқа ие болса, қыста қызыл шарап тұтынушылардың көңілінен шығады [4,103 б.].

Сыра. Жеңіл алкогольді ішімдік, уыттан жасалған жүзім шырынын, сыра ашытқысын және құлмақты қоса отыра, спиртті түрде ашыту арқылы жасалады. Сыра өзінің хош иісімен және дәмі бойынша ерекшеленіп, бүкіл дүниежүзіне танымал, әрі сұраныста болатын алкогольді сусын. Сыраның мыңнан аса түрі бар, және әрқайсысының дәмі әртүрлілігімен ерекшеленеді. Сыраның тұрақталған классификациясы жоқ, дегенмен түсі, дәмі және ашытылу жолына байланысты бөлінеді [5].

Антропологтардың ойынша, сыра сонау тас ғасырынан бері адамдар сыра тәріздес сусынды жабайы өсімдіктерден жасаған. Бұрынғы адамдар сыраға арналған өсімдіктерді тергеннен, өсімдік жетіспеушілігі болып, адамдар егіншілікпен айналысқа. Осылайша сыра егіншілікпен өркениеттің дамуына әкелген. Шумерліктерде сыраны жасаудың құпиялары жазылған, 6 мың жылдан бері сақталып келе жатқан, балшықтан жасалған тақтайша бар. Луврде қазіргі уақытта, вавилондық Суза қаласынан табылған,екі метрлік базальтті колонна бар және ол жерде Хаммурапи патшаның, сыраны жасау мен оны сату туралы арнайы заңдары жазылған [2, 354 б.].

Спирті күшейтілген сусындар. Ферменттеу және сүзу, яғни айдау арқылы өтетін, сұйықтықтардан жасалады. Және соның нәтижесінде, сусын құрамындағы спирт кенеттен өседі. АҚШ елінде алкогольді сусындардың сыртында спирттің пайызы екі еселеніп жазылады. Мысалға: қорапшада «80 Prof» деп тұрса, құрамындағы спирт 40% екенін білдіреді. Кейбіреулері еш қоспасыз ішілсе, кейбіреулері шырын, су қосылып беріледі, біреулері тіпті коктейльдің компоненті ретінде қолданылады [1, 433 б.].

Виски. Алкогольді сусындардың ішіндегі танымалы - виски. Бұрынғы заманнан бері Шотландия мен Ирландияда пайда болып, қазірге дейін сақталып келген сусынның түрі. Вискидің

аты кельттік “visgebaugh” , яғни өмір суы деген мағына беретін сөзінен шыққан. Вискиді сыра ашытқысына арпа уытын қосып, айдау арқылы жасайды. Оны 12-15 жылдай арнайы бөшкеде ұстайды [1, 434 б.].

Ақшыл түсті алкогольді сусындар. Джин, арақ, текила және ромның бірнеше түрі - көбінесе ақшыл түсті деген атқа ие болған, айрықша таралған алкогольді сусындар. Алғашында женева аталған Джин, аршаны айдау арқылы алынады және негізінен спирттен тұрады. Ол Голландияда ойлап табылса да, «женева» деген атын Лондонда «джин» деп қысқартып, дайындау барысын да өзгертіп жіберген болатын [1, 437 б.].

Басқада алкогольді сусындар. Брендиді инонды айдау жолымен алады. Американдық бренди Калифорнияда жасалып, үлкен колонна тәріздес сүзгіштерде айдалып, емен бөшекелерінде екі жылдай ұсталады. Американдық айрықша танымал бренди түрлері: Christian Brothers, Ernest және Julio Gallic. Қымбат бренди түрлері тағамнан кейін берілсе, арзандары коктейльдер жасауға қолданады [1, 438 б.].

Коктейль. Стақанға араластырып құйылған қоспаның бәрін коктейль деп атауға болмайды. Үш мың жыл бұрын Қытайда, адамдар жемістерді қар немесе мұзбен араластырып, шөлдерін қандыратын. Ал коктейльдер, содан кейін, яғни сусындарды араластырып, қоспа шығару, ең алғаш Англияда шыққан және 1920 және 1930 жылдарға дейін сұраныста болмаған.

Коктейль – екі немесе одан да көп ингредиенттерді (шарап, ликер, шырындар) араластыру арқылы жасалып, нәтижесінде дәмі ұнамды болатын сусын. Коктейльдер араластыру және шайқау жолдарымен жасалады. Үздік коктейль жасау үшін, араластыру техникасы маңызды болып табылады. Жалпы алғанда коктейльдер көлеміне қарай екі түрге бөлінеді: кіші коктейльдер (шамамен сыйымдылығы 100 г) және үлкен коктейльдер (шамамен 250 г) [1, 439 б.].

Алкогольсіз сусындар. Құрамында ешқандай алкоголь жоқ сусын. Алкогольсіз сусындар негізінен салқын және ыстық күйінде берілетін болып бөлінеді. Салқындай берілетіндерге: шырын, бөтелкедегі су, газдалған немесе минералды су болса, ыстықтай берілетіндерге: шай мен кофе жатады. Дегенмен соңғы уақыттарда шайды салқындай берілетін сусындарға да жатқызады [1, 439 б.].

Алкогольсіз сыра. Guinness, Anheuser-Busch және Miller секілді тағы басқа бірнеше компаниялар сыраның алкогольсіз сорттарын шығара бастады. Ол сыралар түрі бойынша кәдімгі сыраға ұқсағанымен, олардың құрамындағы алкоголь 95-99 %-ға азайтылды. Ол сыраларды жасауда, кәдімгі сыраларды жасаудан көбірек уақыт кетеді. Және алкогольсіз сыралардың дәмі

дегенмен кәдімгі сыралардан айырмашылығы байқалып тұрады [1, 440 б.].

Кофе. Осы заманның талабына сай келетін және танымал сусынның бірі – кофе. Кезінде бардан шықпаған адамдар, қазір кофеханадан көз ашпайды. Кофенің сатылған сорттарының көлемі 4 млрд доллардан асып түседі. Speciality Coffee Association of America атты американдық қауымдастықтың жүргізген зерттеулері бойынша, Америкада 3500 кофехана мен 3000-нан астам эксперт-барлар бар [1,440 б.].

Еуропада кофеханалар адамдардың ең жиі келетін орнына айналды. 1689 жылы Парижде ашылған және әлі күнге дейін танымал кофеханалардың бірі Cafe Procope-те, әйгілі адамдар болған, мысалға алсақ бір күнде қырық шыныаяқ кофе ішетін, Руссо мен Вольтер .

Қазіргі уақытта, 30 % кофені негізінен Бразилиядан және қаңылтыр құтыға салынған түрде экспорттайды. Білгірлердің айтуынша, бұршақ түрдегі кофе үгітілгеннен дәмдірек. Кофенің бастау алған жері Йеменде алынған кофе - ең дәмді және барлық әлемде танымал болып саналады. Ол кофенің аты - мокко, яғни аты өзінің шыққан жеріне байланысты қойылған. Бұл сорттың иісі жұпар аңқиды және шоколадқа ұқсас дәм береді. Сатушылар кофенің түрлерін араластырап сатады. Араласқан кофелердің сұраныста болатыны және танымалысы, ол явандық кофе мен мокконың қоспасы. Мокко көлемі бойынша кішкене, үлкен, екі еселенген мокко болып бөлінеді. Ол тек көлемі бойынша ғана емес, дәміне қарай да жеңіл және күшейтілген мокко болып бөлінеді [3, 218 б.].

Шай - әрқашан жасыл болатын субтропикалық Оңтүстік-Азия елдерінде өсетін, ыстық және қайнаған суға жібіту арқылы жасалатын сусын . Бұл сусынды ыстық немесе салқын түрінде, жердің шамамен жартысы қолданады. Дегенмен кофеден кейін екінші орында тұрады, өйткені шай шығаратын көп елдер оны экспорттамай, өз елдерінде ғана сатылымға шығарады. Шайдың жапырағындағы кофеин 1-3% құрайды, яғни кофенің бұршағындағы кофеиннен екі есе артық. Бірақ , дайындалған шайдағы кофеин, дайындалған кофедегі кофеиннен аз болады. Себебі бір фунт шай жапырағымен 250-300 шыныаяқ шай дайындалса, 1 фунт кофе бұршағымен тек 40 шыныаяқ кофе дайындалады [1, 442 б.].

Газдалған салқын сусындар. Ұзақ уақыттар бойы газдалған сусындар арасында, дәстүрлі түрде биіктің шыңында кока-кола мен пепси тұрған болатын. 1980-ші жылы пайда болған диеталық сусындар кола мен пепси тез арада сұранысқа ие болды. Қазір диеталық кола нарықтың 10%-ын алып тұр. Коланың кофеинсіз түрі де нарыққа шықты, дегенмен мәртебесі

диеталық коламен сай келмейді [1, 442 б.].

Шырындар. Шырындар апельсин, алма, грейпфрут, манго, өрік және т.б жемістерден жасалатын сусын. Бірақ кейде тек жемістерден ғана емес, тағы ағаштың тамырларынан, тамаққа қосылатын шөптесін өсімдіктерден де жасалады. Оларды көбінесе еш қоспасыз немесе коктейльге қосып ішеді. Қазіргі кезде алкогольсіз шырын қосылып жасалғын коктейльдер сұранысқа ие [6].

Бөтелкедегі ауыз су. Бөтелкедегі ауыз су Еуропада су өтетін құбырдан су ішу қаупі өсе бастағанда, сұранысқа ие бола бастады. Солтүстік Америкада бөтелкедегі ауыз суының қолданысы дұрыс, сау өмірдің белгісімен тең келді. Бөтелкедегі су табиғи минералды, минералдан дырылған және бұлақтың суы болып бөлінеді. Оның айырмашылығы, ол табиғи таза, калориясы төмен және шөлді қандыратын болып табылады [1, 443 б.].

### **Әдебиеттер:**

1. Уокер, Джон Р. Управление гостеприимством. Вводный курс: Учебник для студентов вузов, обучающихся по специальностям сервиса 230000/ Джон Р. Уокер; Пер. с англ., [В.Н.Егорова]. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2006
2. Большая алкогольная энциклопедия. М.: Издательство Жигульского, 2006
3. Ресторанный сервис. Основы международной практики обслуживания для профессионалов и начинающих / С. И П.Зигель, Х. и Р. Ленгер, Г.Штиклер, В.Гутмайер/ Пер.с.нем. Ю.О.Бема – М.: ЗАО Изд-во Центрполиграф, 2003
4. Первоклассный ресторан: идея, создание, развитие / Теренс Конран, Пер. с англ. М.: Альмина, Бизнес букс, 2008
5. <http://ru.wikipedia.org/wiki>
6. <http://ru.wikipedia.org/wiki>

**Камет Д.Н.**

*Халықаралық Бизнес Академиясы  
«Мейрамхана ісі және қонақүй  
шаруашылығы»  
мамандығы, 1 курс студенті*

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы **Калияскарова Э.А.**

## **Қоғамдық тамақтану саласындағы инновациялық технологияның алатын орны**

Қазіргі таңда жаңа технологияның даму қарқыны өте жоғары. Әсіресе, IT дамуы күнделікті өмірімізге үлкен өзгерістер әкелуде. Мейрамхана саласы да бұл үдерістен қалыс қалып жатқан жоқ. Мысал ретінде еліміздің шағын елді мекендерінің өзінде кафе, мейрамханаларда даяшылар клиент тапсырысын монитор арқылы ас әзірленетін жерге тез және дәл жеткізіп жүр. Ал Германияның Нюрнберг қаласында әлемдегі ең бірінші даяшысыз жұмыс істейтін мейрамхана осыдан бір-екі жыл бұрын пайда болды.

Бұл мейрамханада әр клиент өзінің алдындағы монитордағы мәзірден сенсорлы жолмен өзіне қажетті тағамдарды таңдайды. Клиент әр тағамның дайындалу ұзақтығын да өз мониториінен көре алады. Бұл тапсырыс сол мезетте ас әзірлеу бөлмесіне жетеді. Дайын тағамдар ас әзірлеу бөлмесінен арнайы ыдыстармен жүйелеп салынған рельстер арқылы клиент үстеліне жеткізіледі. Әр тағамның қақпағында тағам аты жазулы тұрады [1].

Осындай жаңа технологиямен жұмыс істейтін тамақтану орындары басқа елдерде де ашылып жатыр. Осы тектес мейрамхана Жапонияның астанасы Токио қаласында жақында ашылды. Әрине, Жапония – жаңа технологияны жасап, пайдалану жағынан әлемдегі ең үздік екені бәрімізге мәлім. Мұнда күрделі конвейерлер жүйесі үздіксіз өтіп жатқан тағамдар легінен әр клиент өзіне ұнайтын тағамды таңдап алып қалады. Сонымен қатар мониторлық мәзірден Нюрнбергтегі «s`Baggers» мейрамханасындағыдай ұнаған тағамға тапсырыс та бере алады. Тағы бір ерекшелігі – бұл мейрамханада клиент белгілі бір соммаға тапсырыс бергеннен кейін компьютермен ұтыс ойынына қатысады. Ол жоғарыдан сары шар арқылы келетін жүлдені ала алады.

Ал Қытай мен Бангкокта робот-даяшылар және робот-қызметкерлері тамақтану орындары ашылған. Келген клиентті робот әрдайым жайдары күтіп алып, бос орынға ертіп апарды. Робот-даяшы келіп, клиенттен интерактивті жолмен алынған тапсырысты ас даярлайтын бөлмеге жеткізеді. Клиент кеткеннен кейін үстел үстіндегі ыдыс-аяқтарды ыдыс жуу бөлмесіне жеткізеді. Робот-даяшы қолы бос уақытта билеп, адамдардың көңілін көтереді. Мұндай даяшысы бар тамақтану орындары қоғамда үл-


кен қызығушылыққа ие. Адамдар мұндай жерлерге тек қана тамақ ішу үшін емес, жаңалыққа тәнті болып, роботтармен суретке түседі. Мұндай роботтардың құны зазіргі таңда 5000-6000 АҚШ долларын құрайды екен. Бұл төлем робот-даяшылар үшін қымбат сомма емес. Себебі, робот-даяшылар шаршау дегенді білмейді, үнемі жайдары көңіл күйде болады, оларға еібекақы төлеудің қажетті жоқ, клиенттер шайпұл сұрамайды, әрдайым ұқыпты болып келеді.

Мысалы жаңа инновациялық технологиямен жабдықталған Pizza Hut пиццерия желісін айтуға болады. Келген адам сенсорлы үстелден өзіне ұнағандай етіп пиццаға тапсырыс бере алады. Пиццаның көлемі, ингредиенті, ащылығы мен тәттілігі клиенттің тапсырысымен дайындалады. Бұл сенсорлық тапсырыс беру жүйесі тек қана технологиялары дамыған елдерде бар. Дегенмен болашақта Қазақстан сияқты елдерге де және тек қана пиццамен шектелмей, басқа да тамақтарды жасау үрдісіне клиенттердің тікелей қатысуына мүмкіндік береді [2].

Біздің еліміз егемендік алған жылдардан бастап әлемдік нарық аясына енді. Елімізге келуші туристердің саны еселеп артып келеді.

Суреттен 2009 жылы мейрамхана және қонақүйлердегі қызмет көрсету көлемі 39426639,4 мың теңгені құраса, 2010 жылы аталған көрсеткіш 47545506,6 мың теңгені құраған. Ал 2011 жылы 50562382 мың теңгені құраса, 2012 жылы 50239283 мың теңгені құрап отыр.

Соған орай мейрамхана бизнесіне қойылатын талаптар да өзгеріп жатыр.. Елімізде бұрын көрмек түгілі атын да естімеген тағам түрлері пайда болды. Қазақстан Еуразия кіндігінде орналасқандықтан шығыстың да, Батыстың да әсері бірдей. Мысалы Алматыда ТМД елдерін айтпағанда италяндық, араб, парсы, қытай, үнді, жапон, неміс, корей, француз және тағы басқа елдердің кухнялары жұмыс істеп тұр. 2008 жылғы Статистика Агенттігі мәліметтеріне сай Алматыға жылына 337 мың турист келіпті. Қала әкімшілігі енді жақын арада Алматыға келуші туристердің санын 1 миллионға жеткізуді межелеп отыр. Сонымен қатар қала халқының тамақтануға деген талабы жыл сайын артып келеді. Осы үлкен сұранысты қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп тұрған тамақтану орындарының саны әлі де жеткіліксіз [4].



Сурет 1 – Қазақстан Республикасындағы 2009-2012 жж. мейрамхана және қонақүйлердегі қызмет көрсету көлемі [3]

Демек, Алматы қаласындағы тамақтану орындарында инновациялық жаңалықтарды пайдаланудың маңызы өте зор. Тамаққа тапсырыс беру мен оны жеткізуді жеңілдету үшін инновациялық әдістердің бәрін пайдалана алуға тиіспіз. Ол үшін әр түрлі мейрамханалар жүйесін коммуникациялық байланыста ұстап, клиенттер талабын неғұрлым тез қамтамасыз ету жүйесін жасау керек. Дегенмен Алматы қаласында туристер сұранысын қамтамасыз етуге қажетті тамақтану орындарының жаға бағыттарын ашу қажет. Мысалы: Латин Америкасының, Африка, Аустралия және басқа да мұхиттық аралдар кухналарына қажеттілік бар. Сонымен қатар тропикалық, экваторлық аймақтарда ғана өсетін жеміс-жидектерге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Еліміздің мұхиттардан алыс орналасуы кейбір экзотикалық, теңіз өнімдерін жеткізуде қиындықтар тудырады. Осы мәселелерді шешу үшін де тез мұздату, контейнерлеу, жедел жеткізу сияқты жаңа инновациялық технологиялар қажет [5].

Технологиялар дамыған сайын олардың қолданылу мүмкіндіктері аясы да арта түседі. Соңғы жылдары жақсы қарқынмен дамып келе жатқан нанотехнология, гендік инженерия сияқты салалар тағам өндіру саласында кең орын ала бастайды. Жер тұрғындарының үлкен қалаларға шоғырлануының артуына байланысты тағамдарды сапалы және тез даярлап, тапсырыс берушіге жеткізу мәселесі болашақта үлкен маңызға ие болады. Мысалы: Мумбай, Мехико, Шанхай, Бангкок, Нью-Дели сияқты қалаларға тамақ жеткізудің өзі үлкен проблемаға айналуы

мүмкін. Осы орайда, кейінгі кезде қарқынды дамып келе жатқан ұшқышсыз ұшақтарды пайдалану қажеттілігі арта түсуде. Болашақта мейрамханалар аса үлкен қалалардағы өз клиенттеріне тапсырыстарды жеткізу үшін осындай ұшқышсыз ұшақтарды көптеп пайдаланады деп санаймын. Ұшқышсыз ұшақ жасау технологиясы дамыған сайын оның өзіндік құны да төмендей түседі. Халқы сирек орналасқан Қазақстан жағдайында елді мекендерден шалғай жерде жұмыс істеп жүрген адамдарға тағамдарды жеткізу үшін ұшқышсыз ұшақтарды пайдалану мүмкіндігі арта түседі [6].

Әлемде ғылымның қарыштап дамуына байланысты соңғы кезде тағамдарды гендік инженерлік жолмен өндіру мүмкіндіктері қарастырылуда. Қолдан ет өндіру саласында әлемдік ғалымдар біршама жетістіктерге жетті. Мысалы қолдан өндірілген ет дегеніміз ешқашан толыққанды малдың еті болмаған ет. Оны өндіру үшін алғашқы сатыда ғана мал етінің белгілі бір бөлігі алынады. Әрі қарай сол ет пробиркада өсіріледі. Әзірге қолдан ет өндіру қоғамдық пайдалану дәрежесіне жетпегенмен осы салада жұмыстар жасалуда. Ал тағамдарды сақтау мен сапалы жеткізу бағытында күн сайын жаңа материалдар жасап жатқан нанотехнологиялардың маңызы өте зор.

Жаңа технологиялар көптеген ғылыми ізденістерді талап ететін болғандықтан алғашқыда олардың өзіндік құны өте жоғары болады. Ғылым мен өндірістің дамуына сай мұндай жаңа технологиялар пайдаланылған өнімдер бірте-бірте қоғамдық тұтыну дәрежесіне ие болады.

### Әдебиеттер:

1. <http://prohotelia.com.ua/2013/02/restaurant-innovation/>
4. <http://business-ening.ru/franchises/>
5. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
6. <http://www.membrana.ru/particle/1864>
7. <http://www.gastrotur.ru/restoran-bez-ofitsiantov>
8. <http://ria.ru/video/20100610/244411736.html>

## Differences of Food in Hotel Restaurants

Nowadays food service is an inalienable element of the modern hospitality industry. Practically all hotels, beginning from five star hotels and ending with mini-hotels, have their own restaurants. Hotels may have one or more restaurants, or there are those that have none. It depends on the rating and also on the hotel. One and two star hotels usually do not have restaurants or even cafés. Three star hotels have just one restaurant for breakfast, dinner and supper while four star hotels have two restaurants: in the first restaurant, people can have breakfast, dinner, and supper, and in the second one they can organize banquets. Five star hotels may have two or more restaurants, and each needs to have its own sparkle, beauty and some other advantageous features that emphasize their specialty. Hotels that belong to big hotel networks have two kinds of restaurants: fashionable (with a brand name) or something simple and small like a café [1].

Scales of organization of food service in hotel restaurants are also different. Hotel restaurants can emphasize the following types of service:

- OB (only bed) - without food;
- BB (bed and breakfast) – only breakfast is included in the cost of residence (Swedish table); other meals are paid for separately in restaurants and bars of the hotel;
- Continental Breakfast - easy breakfast, that includes coffee or tea, juice, roll, butter and jam;
- English Breakfast- complete breakfast, usually includes juice, fried eggs, toast, butter, jam, and coffee or tea;
- American Breakfast – similar to a continental breakfast, includes different cuttings;
- HB (half board) – cost of residence includes breakfast and supper (Swedish table), free tea, coffee and juice just for breakfast;
- HB+ (half board+, extended half board) - cost of residence includes breakfast and supper (Swedish table) and local non-alcoholic and alcoholic drinks all day long;
- FB (full board) – breakfast, dinner, supper (Swedish table);
- FB+, EXT FB (full board +)– breakfast, dinner, supper (Swedish table), also drinks (wine, beer) during meals;
- Mini all inclusive – full board with local

drinks, not only during meals but also all day long;

- ALL, AI (all inclusive) – breakfast, dinner and supper (Swedish table), all kinds of local drinks during the day, also cost of residence includes additional food (snacks, second breakfast, late supper, BBQ in bars of hotel);
- UAL, UAI (ultra all inclusive) – breakfast, late breakfast, dinner, snacks, supper (Swedish table), wide choice of sweets, deserts, all kinds of snacks and also local and imported drinks [2].

Statistically, 70-100% of residents of a hotel go to breakfast, 5-10% of residents go to lunch, and 30-50% of residents go to supper even if the cost of the meal is not included in the cost of residence. It is important to note that hotel restaurants are more stable and have become a perspective segment of market compared to other restaurants. There are several reasons for that.

Firstly, hotel restaurants have more facilities than independent restaurants. Designers of hotel restaurants can afford expensive designs, attract more qualifying personnel, and so on. Because of this, suppliers of products prefer to work with restaurant services in hotels than with other restaurants.

Secondly, hotels play the role of profitability insurance for hotel restaurants. If a restaurant's business is not so good, income from the profile business can cover losses. Only 30% of independent restaurants can work well and easily return money to investors, while the other 70% may have problems with paying for rent, paying salaries, and with product suppliers. After cutting down the expenses, there is a decline of quality which makes the problem bigger, because it will cause a drop in income overall.

Thirdly, in comparison to city restaurants, hotel restaurants have fewer expenses. Because they do not need to pay for rent and utilities, laundry or other kinds of business services, this really makes their work easier [3]. In other city restaurants, these expenses are 30-40% of costs. Income from a hotel restaurant contributes to 10-30% of the total profits of the hotel.

Hotel restaurants, like all city restaurants, are operated by managers. They work with personnel and even with the guests of the restaurant. Many

managers of hotels think that it is not important to urge guests to eat in their restaurant, but others do everything to do it. For example, at the Royal Sonesta Hotel in New Orleans, managers of the restaurant give \$5 coupons to everyone who comes to the hotel restaurant. Another successful example is Plaza Athenee in New York: when guests come to the hotel, the managers accompany them to the restaurant and show them the whole menu, kitchen, and explain how it works. Due to this, guests are served at the hotel restaurants during their stay there. There are also hotels that separate their restaurants from the hotel, giving them more independence. Kimco Hotel in San Francisco setup their hotel restaurant separately from the hotel and the restaurant is really independent with their income and expenses [4]. In comparison, hotel restaurants are more original than other city restaurants and the service is better. But it is also harder to work with hotel restaurants, because people prefer to choose city restaurants over hotel restaurants. On the other hand, the location of a restaurant is very valuable. Since a manager can not change the location of a hotel restaurant, he or she must take into account the interior, menu, and kitchen, and it should correspond with the location of the hotel. Everything, including design, layout, size, illumination, color of the walls and ceiling, and the menu, needs to appeal to people who come to the restaurant. They serve residents and also people coming from outside of the hotel. 2/3 of income comes from visitors, so hotel restaurants need to have a private entrance and private parking. But despite this, hotel restaurants can be empty during the whole week, and on the weekends they can host banquets, conferences, or parties which can

really increase their income [5].

Another type of attractant to consumers for hotel restaurants is Sunday brunch. Abroad, especially in Europe and USA, brunch is very popular. Brunch was created in USA; it is an informal kind meal that occurs between breakfast and lunch. Brunches can be very expensive with international kitchens such as Italian, Mexican, Indian or others on a Swedish table, so only five star hotels can organize brunches. [1, 222] Lately in Almaty, some big hotels have started to organize brunches, like the Ritz-Carlton Almaty and InterContinental Almaty.

There are also some differences in the menus of hotels and city restaurants. The size of the menu mainly depends on the kind of hotel, if it is big, the menu also needs to be large and with a wide selection. Guests coming from outside of the hotel spend nearly an hour for dinner, so it is better when the menu is simple. But it is also good when the menu is complex with special dishes from chef, because when people come to supper they have more time and also come to relax. It is also important to include special kinds of food as a special menu for children, for vegetarians or for people who are on special diets, and also a special menu for snacks and banquets. It will simply increase the number of guests. Because hotel restaurants work around the clock, they need to have various types of menus, because people can come at any time and it is better when the restaurant has an international kitchen for tourists. Traditional suggestions for four-five star hotels are fine dining and all day dining. Fine dining restaurants work only in the afternoon and evening and have 50-70 seats. All day dining restaurants work around the clock and have 100-120 seats [6].

## Reference:

1. Джон Р. Уокер. Введение в гостеприимство. 2-ое издание. М., 2008. сс. 219-223
2. Устенова О.Ж., Смыкова М.Р. Основы гостиничного хозяйства: учебное пособие. Алматы, 2012.
3. Филипповский Е.Е., Шмарова Л.В. Экономика и организация гостиничного хозяйства. М: Финансы и статистика. 2006. – сс. 80-83
4. Кусков А.С., Джаладян Ю.А. Основы туризма. 2-ое издание. 2010
5. Волков Ю.Ф. Интерьер и оборудование гостиниц и ресторанов. Ростов н / Д: Феникс, 2003
6. Устенова Т.Ж. Международный туризм и гостиничное хозяйство. Астана: Фолиант, 2010

**Нақыпова Г.Б.**  
Халықаралық Бизнес Академиясы  
«Мейрамхана ісі және қонақүй  
шаруашылығы»  
мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекші:  
э.ғ.к., доцент **Манап А.С.**

## Отандық мейрамхана бизнесіндегі жарнамалық қызметтің даму жағдайы

Әрбір елдің экономикасын және туризмін дамытуда қоғамдық тамақтану, яғни мейрамхана бизнесінің орны ерекше. Отандық мейрамхана бизнесінің дамуы халықтың орналасуына байланысты. Оның жақсы дамуын Алматы, Қы-

зылорда және Жамбыл облысынан көруге болады, ал төмендеуін Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында байқалады. Оны келесі кестеден көруге болады

**Кесте 1- Қазақстан Республикасындағы қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының көрсеткіші**

Қамтимын аймақ	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл
Қазақстан Республикасы	111 556,1	156 010,9	185 308,9	220484,2
Ақмола	2 643,2	3 385,1	3 630,5	3 987,7
Ақтөбе	4 418,1	5 798,4	7 819,6	9 648,7
Алматы	1 841,5	3 801,8	4 925,9	9 227,8
Атырау	14 185,6	19 566,1	20 483,6	21 154,8
Батыс Қазақстан	7 362,7	10 023,3	14 025,8	15 155,4
Жамбыл	2 836,4	3 961,0	4 915,1	4 777,1
Қарағанды	5 751,2	7 804,2	10 120,1	11 614,4
Қостанай	2 462,9	4 051,1	4 889,8	4 752,2
Қызылорда	5 214,8	6 907,8	7 357,4	8 107,1
Маңғыстау	8 716,7	14 744,7	15 494,2	18 913,4
Оңтүстік Қазақстан	6 680,5	10 973,2	13 695,3	14 242,4
Павлодар	3 280,0	2 698,3	3 681,1	8 545,3
Солтүстік Қазақстан	689,4	1 451,8	2 327,1	2 713,0
Шығыс Қазақстан	7 279,1	15 744,9	14 071,2	16 861,8
Астана қаласы	9 862,5	11 045,5	16 069,7	20 721,3
Алматы қаласы	28 331,5	34 053,7	41 802,6	50 061,8

Ескерту - ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері негізінде жасалған

Кестеден қазіргі таңда қоғамдық тамақтану Алматы қаласында ең жоғары дамығандығына көз жеткізуге болады. Келесі кестеден Алматы

қаласындағы мейрамхана бизнесін санын көруге болады [1].

**Кесте 2- Алматы қаласындағы аудандар бойынша мейрамхана бизнесінің саны**

Аумақ	Жалпы мейрамхана бизнесіндегі кәсіпкерлік		Солардың ішінде					
	бірлік	Орнал орын	мейрамхана		кафе		асхана	
			бір	Орнал орын	бір	Орнал орын	бір	Орнал орын
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Алматы қ	1989	61162	83	4143	165	5783	1704	51236
Аудан бойынша								
Алмалы	541	17772	20	1179	40	1313	444	15280



Аумақ	Жалпы мейрамхана бизнесіндегі кәсіпкерлік		Солардың ішінде					
	бірлік	Орнал орын	мейрамхана		кафе		асхана	
			бір	Орн орын	бір	Орн орын	бір	Орн орын
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Әуезов	363	11126	46	2221	29	755	288	8150
Бостандық	444	14555	-	-	12	178	432	14377
Жетісу	89	3354	5	268	12	356	72	2730
Медеу	240	6508	12	475	12	358	216	5677
Түркісіб	312	7847	-	-	60	2825	252	5022
Ескерту - [2] әдебиет негізінде автормен жасалған								

Жалпы алғанда Алматы қаласында 2012 жылы қаңтар-мамыр айларында 15,3 млрд. теңгеге қызмет көрсетілген, соның ішінде жеке меншік 89,3% құрайды. Жалпы мейрамханалық қызмет 48,6% құрайды, өзін-өзі қызмет көрсету-12% , тағы басқа тамақпен қамтамасыз ету-14%, үйге тағам жеткізу қызметі-26%, кәсіпорындарға тағам жеткізу қызметі-3% құрайды. 2011-2012 жылдары кәсіпкерлердің тек қана 65 % жұмыс істеген [2].

Осыған орай Алматы қаласының рестораторларынан сауалнаманың нәтижесінде кәсіпқой жарнама мен жарнама агенттіктеріне өте сирек жүгінетіндігі анықталды. Олардың себебі:

- қаржының жетіспеуі 82%;
- мейрамхана ішіндегі жарнама кәсіпорының орналасқан жері, залдың безендірілуі мен дизайны, өнімнің дайындалу сапасы және оның безендірілуі, тұтынушыармен сөйлесу-12 %;
- тұтынушылардың жарнамаға сенбеуі-15%;
- тұтынушылардың БАҚ-тағы кішкентай жарнаманың мағынасын түсінбеуі - 1,5%.

2011 ж. мейрамхана бизнесіндегі кәсіпкерлердің жарнамаға жұмсаған қаржылары 1534,0 млн. теңге құраған, ал жарнама агенттіктерінің сол арада тапқан пайдалары 62341,5 млн. тенге. 2012 жылы ол 36,2% түсті, сонымен қатар 93,2% үлкен кәсіпкерліктен, ал 6,8 орта және шағын бизнес құрайды [2].

Осы жағдайлардың негізгі себебі келесілер:

- Қоғамдық тамақтанудағы кәсіпкерлердің жарнамалары нарықта әлсіз дифференциалданған.
- Бәсекелесінен қандай артықшылығы бар екенін нақты көрсетпеуі
- Видео немесе аудио жарнамалар мейрамхана бизнесіндегі көп шағын кәсіпкерлерге қаржының көп талап етілуінен қолжетімді болмауы

Талдау жасай отырып рестораторлардың жарнамалық агенттіктермен жұмыс істеуі тек қана көп қаражат емес сонымен қатар жарнама агенттіктерінің ғимараттың орналасуы мен дизайнынан басқа тұтынушыларға қажетті тағам түрлерін жарнамалау керектігін білмеуі.

Сонымен қатар рестораторларға жарнама саласында келесі тенденциялар орын алады:

- Жарнама агенттіктері шағын тапсырыстар емес үлкен шетелдік компанияларға қызмет көрсетуді жөн көреді;
- Қазіргі таңда жарнама көбіне телекоммуникациялық қызметке көшкен, бірақ көп рестораторлардың телекоммуникация саласында байланыстары аз;
- Жарнаманың бағасының жылдан жылға өсуі отандық шағын бизнестегілерге қол жетімсіз болып бара жатыр;
- Алматы қаласында жарнама жариялауда жарнаманың авторлық құқығын қатты қадағаламайды;
- Жарнама агенттіктерінде кәсіптік кадрлар мен жарнама басып шығаратын жаңа технологиялардың жетіспеуі жарнаманың сапасын төмендетеді;

Бұл аталған факторлардан бөлек жарнама-коммуникациялық қызметтің Қазақстандағы мейрамхан бизнесінің дамуына көп әсерін тигізеді. Зерттеу жүргізу барысында маркетингтік қызметте 40 % үлкен, ал 15 % орта бизнесті құрайды. Шағын бизнес маркетингтік қызметті сол ғимараттағы ұйымдастыру, есептік және тағы басқа қызметтерді атқаратын менеджерлер орындайтындығы анықталды. Нәтижесінде, мейрамхана бизнесі саласындағы маркетинг хоастық және систематикалық емес жағдайда. Бұны анықтауда SWOT-тың Қазақстандағы Алматы қаласының жарнамалық-коммуникациялық жағдайына анализ жасауына негізделген авторлық зерттеуден көруге болады [3].

**Кесте 3- Алматы қаласындағы мейрамхана саласындағы жарнамадағы қажеттіліктеріне SWOT-талдау**

<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
Шығармашылық әлеует Көпшілік ұсыныстарын қанағаттандруға бағыт Тұрақты клиенттерге назар аударту Имидж ойлап табу Орналасқан жерін анықтау	Нақты нарықтағы сегменттің болмауы Қаржының жетіспеуі Жарнаманы шығарушыларды потенциалын нақты бағаламау
<i>Мүмкіндіктері</i>	<i>Қауіп-қатері</i>
Берік және қарқынды дамуы Кірістің өсуі Келушілер санын көбейту	Жаңа бәсекелестердің көбеюі Шаруашылық саласының қарқанды болмауы Тақырға отыру және жабылу
Ескерту- [2] әдебиет негізінде автормен жасалған	

Зерттеу нәтижесінде жарнаманың Қазақстан Республикасындағы жәй дамуы қоғамдық тамақтанудың қарқанды дамуына кері әсерін

тигізетіндігі анықталды. Тиімді жарнамада ескерілуге тиіс жағдайларға келетін болсақ, ол төменде көрсетілген [4].



Сонымен жарияланған жарнаманың тиімділігін есептеу CEI (cost efficiency Index) формуласымен анықталады:

$$CEI = V_i / E_i * E_j / V_j$$

$V_i$  және  $V_j$  – өнім сату көлемі

$I$  және  $j$ -уақыт аралығы

$E_i$  және  $E_j$ - өнімді жарнамалауға кеткен шығын [5].

Қоғамдық тамақтану елдің экономикасын жақсартуда басты орын алады. Алдағы келе жатқан 2017 жылғы «ЭКСПО» көрмесінің қар-

саңында отанәық мейрамханалар ашу да жоспарланып отыр. Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі туралы БАҚ пен ғаламтордағы жарнамаға \$4,6 млн. қаржы жұмсалған. Бұл туралы Ұлттық компания «Астана ЭКСПО-2017» 2014 жылы жариялаған. Ал еліміздегі осы жаңадан ашылатын мейрамханаларға жақсылып жарнама жасасақ, «ЭКСПО-2017» көрмесінен кейін де туристтер елімізге келіп экономиканың дамуына өз әсерін тигізеді.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының статистика сайты: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
2. Муталиева Л.М. Маркетинг ресторанного бизнеса. Учебное пособие. Алматы, 2012
3. Устин В.Б. Стратегии и тактика рекламы. Алматы, 2012, сс. 78 - 94
4. Пелих А.С. Роль рекламы в рыночной экономике// Стратегия экономической стабилизации Казахстана. Алматы, 2011, сс. 157-159
5. Дурович А.П. Маркетинг гостиниц и ресторанов. Москва: Новое знание, 2010, сс 65-67.

**Нұрмерген Б.Ж.**

*Халықаралық Бизнес Академиясы  
«Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі»  
мамандығының 1 курс студенті*

Ғылыми жетекші:

**Калияскарова Э.А.** аға оқытушы

## Мейрамханаларды антикризистік басқару

Мейрамхана бизнесі - экономикадағы ең жоғарғы табыстың бастауы болып табылады, бірақ нарықтағы керемет перспективасына қарамастан, көп мейрамханар табыс көзін көрмей жатып жабылуда. Он мейрамхананың ішіндегі сегізі ашылғанына бір жыл болмай жұмысын әрі қарай жалғастыра алмайды.

Бүгінгі таңда елімізде мейрамхананың антикризистік басқаруы өзекті болып табылмайды. Бұған қарамастан, антикризистік менеджмент кейбір кәсіпорындарда көптеп тұтынылады. Өйткені, сарапшылардың көбісі "Мейрамхана бизнесі бірте-бірте өз табыстылығын жоғалтуда" дейді. Мейрамхананы антикризистік басқаруы дегеніміз не? Ол не үшін қажет? - деген сұрақтар туындайды.

Антикризистік басқару дегеніміз – бұл кешенді немесе жүйелік сипаты бар басқару жүйесі. Мұндай жүйе мейрамханадағы жағымсыз жақтарды жояды немесе болдырмайды. Бұл жүйені олар менеджмент және арнайы бағдарламаны жетілдіріу арқылы жүзеге асырады. Мейрамхана нарықта өз орнын сақтап қалуы және қиыншылықты жоюы үшін бағдарлама арнайы стратегиядан тұруы қажет.

Мейрамхананың антикризистік басқаруы түсінігіне көбіне мүлдем жаңа бизнес-планды құруды меңзейді. Бұндай бизнес-планның ішіне мейрамхананы алда қандай перспективалар күтуі мүмкін және қандай басымдылыққа көңіл бөлу керектігі ескеріледі. Кризистік ахуалдың шығу себептері қандай?

Мейрамхана кризисі қаржылық-шаруашылық ісіндегі параметрлерге сәйкессіздік тудырады. Дамушы кризис мерамханада түрлі факторлармен орын алады.

Мейрамхана кризисінің пайда болуының басты себептері негізгі 2 факторға бөлінеді: сыртқы (мейрамхана қызметіне бағынышты емес) және ішкі (мейрамхана қызметіне тікелей байланысты).

Сыртқы фактор ішінара бірнеше топқа бөлінеді:

1. *Елдің жалпы дамуындағы әлеуметтік-экономикалық фактор:*

- Инфляцияның өсуі.
- Салық системасының тұрақсыздығы.
- Халықтың табыс көзі деңгейінің төмендеуі.
- Жұмыссыздықтың көбеюі.

2. *Нарықтық фактор:*

- Ішкі нарық сымдылығының төмендеуі.
- Нарықта монополизмнің күшеюі.
- Валюталық нарықтың тұрақсыздығы.

3. *Басқа сыртқы факторлар:*

- Саяси тұрақсыздық.
- Табиғи апат.
- Криминогендік жағдайдың нашарлауы.

Кризистің ішкі факторы:

1. Басқару:

- Жоғарғы дәрежедегі коммерциялық тәуекел.
- Нарық конъюктурасын жетік білмеу.
- Тиімсіз қаржылық менеджмент.
- Нашар басқару.
- Басқарудағы икемділіктің жоқтығы.
- Бухгалтерлік есептеу системасындағы сапасыздық.

2. Өндірістік:

- Мүлдіктік комплекс ретіндегі кәсіпорынның бірлік тапшылығы.
- Мамандардың біліктілігінің төмендігі.
- Үлкен көлемдегі шығындар.
- Ұрлық.

3. Нарықтық:

- Бәсекеге төтеп бере алмау.
- Шектелген келушілер шеңберіне тәуелділік [1].

Мейрамханадағы антикризис максималды түрде 1-1,5 жылға созылады. Антикризис өздігінен өтіп кетуі мүмкін емес. Тәуекел және кризис бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді. Осының салдары және көптеген мейрамханалар банкроттыққа ұшырайды.

Қазіргі уақытта нарық конъюктурасы тез өзгереді. Яғни, нарықтағы конъюктура өзгергенге дейін мейрамханалар тез арада кризистен шығуы қажет. Егер осы уақыт ішінде кәсіпорын дағдарыстан шыға алмаса, оны банкрот деп жариялауға болады. Немесе мейрамхана маркетингтік жүйесін толықтай зерттеп, жұмысын мүлдем басқа немесе жаңа идеямен бастауға мәжбүр болады [2].

Бүкіл әлемдік қаржылық кризиске тоқталып кетсек, ол 2008-2012 жылдар аралығын алып жатыр. Әрине бұл кризис АҚШ елдерінен бастау алды. Бұл жайлы міндетті түрде ескеруді жөн көрдім. Өйткені, кризис мейрамханаларға аса үлкен зиянын тигізді. Кризис барлық мемлекеттерді қараусыз қалдырмады. Барлық елге

қоңырау қағып келіп тұрды. Және осының салдарынан көп мемлекеттің экономикалық ахуалы күрт төмендей түсті.

Орасан зор экономикалық ахуалы бар Еуропаның жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) – 0,3%-ға төмендеді. Бұл Еуропадағы бірінші құлдырау еді. Италияның жалпы ішкі өнімі үшінші кварталда (ЖІӨ) – 0,5% төмендеп, ал екінші кварталда – 0,2% жетті. Дүние жүзі бойынша экономикасы дамыған елдердің қатарындағы екінші орында тұрған Японияның жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) – 0,1% төмендеді. Швейцарияның жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) – 0,1%, ал Ұлыбританияның жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 2008ж соңғы үш айында – 1,5% төмендеді. Швецарияда – 0,3%, Францияда 2009ж-1,2% («INSEE» статистика институтының деректері бойынша), ал 2008ж – 1,5% жалпы ішкі өнімі

төмендеген. Ал Қазақстанда жалпы ішкі өнім статистика агенттігінің дерек көздері бойынша 2009 жылдың қаңтарында - 2,9% , ал 2008 жылдың қаңтарында – 1,8% төмендеген [3].

Қазақстан мейрамханаларының кризис уақытындағы табысы шамамен 60% төмендеді, ал чектердің орташа қосындысы 50% қысқарды. Қазақстандағы мейрамхана бизнесі жылдық айналымның 0,5 млрд. долларды құрайды. Әр жыл сайынға өсім 20% тұрды. Бұл бизнес түрі Қазақстандағы ең тиімді болып табылады. Статистикалық деректер бойынша, 2009 жылдың қаңтар айында мейрамханаларда қызмет көрсету және тауар топтары 2008 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда – 23,5% өскен [4]. Кризистің салдарына келетін болсақ, ол кестеде берілген.

### Кесте – 1. Өнімнің өсу екіні

Аймақтар	2006 ж	2007 ж	2008 ж	2009 ж	2010 ж	2011 ж	2012 ж
Қазақстан Республикасы	119,2	104,4	135,8	53,8	385,7	82,8	160,6
Ақмола облысы	107,0	78,5	7,6	301,9	234,0	433,6	202,6
Ақтөбе облысы	82,8	298,5	66,9	17,8	1 725,3	109,1	38,8
Алматы облысы	73,3	87,8	2,2	338,6	41,9	7 713,5	241,7
Атырау облысы	595,9	5,8	58,1	49,0	477,5	3 418,6	261,0
Батыс Қазақстан облысы	118,6	660,9	56,7	31,2	15,0	76 238,5	17,7
Жамбыл облысы	100,1	100,4	135,1	34,3	1 372,3	102,8	170,5
Қарағанды облысы	98,2	51,8	175,6	9,7	191,8	247,3	214,7
Қостанай облысы	654,8	252,8	28,1	4,1	50,3	2 123,1	239,1
Қызылорда облысы	562,9	94,8	175,4	59,7	9 959,6	14,7	159,8
Маңғыстау облысы	33,1	35,2	815,8	21,8	0,0	0,0	583,4
Оңтүстік Қазақстан облысы	113,0	107,2	52,5	52,1	1 299,1	201,3	146,9
Павлодар облысы	374,1	1 747,8	82,9	141,6	38,2	71,6	133,2
Солтүстік Қазақстан облысы	39 688,2	0,5	1 811,1	22,8	159,1	38,6	415,0
Шығыс Қазақстан облысы	90,6	139,8	393,0	50,6	755,0	23,2	295,7
Астана қаласы	90,2	21,0	163,4	110,7	114,7	161,2	263,2
Алматы қаласы	94,9	74,9	142,9	35,2	179,9	122,0	118,7
Ескерту – [5] әдебиет негізінде автормен жасалған							

Бұл кестеде тауардың өсу екіні көрсетілген. Қазақстан Республикасы, облыстар және қалалар екіні пайыздық мөлшермен берілген. Бұл кестеден 2007, 2009 және 2010-2011 жылдардағы кризистік дүмпулерді байқаймыз. 2007 жылы – 104,4 %, 2009 жылы – 53,8% (өнімнің өсу екіні күрт төмендеген), 2011 жылы - 82,8% құраған, яғни, 2010 жылы – 385,7% құраған, осыдан тауар өсімінің бір жылдан екінші жылға қарағанда – 302,9% (ауытқу) төмендеп кеткені дене дүршіктірерлік жағдай. 2007 жылғы кризис Ақтөбе облысы, Батыс-Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарына айтарлықтай әсерін тигізбеген. 2009 жылғы кризистен айтарлықтай жапа шеккен облыстарға Қарағанды, Қостанай облыстарын жатқызуға болады. Ал, 2010-2011

жылдары Маңғыстау облысы ешқандай көрсеткіш көрсетпеді, яғни, кризис облысқа қатты, үлкен масштабты көлемде әсер еткен.

Бұл кестеде Қазақстан Республикасы бойынша қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының желілері көрсетілген. Кризис әрине желілерге де әсерін тигізген. Мұны отыратын орын санынан анықтауға болады. Басты себебі, халықтың табыс көзінің төмендеуі. 2007 ж отыратын орындар саны -238 484 орынды құраған, 2009ж орындар саны – 756 939, ал 2010 ж мен 2011ж салыстыратын болсақ айтарлықтай өзгерістер байқалады. 2010 ж орындар саны – 1 053 034 болса, 2011 жылғы орындар саны – 999 923 болып отыр. Яғни, ауытқу – 53 111 орынды құрайды.

**Кесте – 2. Қазақстан Республикасы бойынша қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының желісі**

Жылдар	Жыл соңына	
	бірлік	отыратын орын саны
2006 <sup>1)</sup>	7 118	219 320
2007 <sup>1)</sup>	7 149	238 484
2008 <sup>1)</sup>	7 177	259 841
2009 <sup>2)</sup>	17 211	765 939
2010 <sup>2)</sup>	19 853	1 053 034
2011 <sup>2)</sup>	19 343	999 923
2012 <sup>2)</sup>	20 208	1 047 085

*1)Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының желісі жөніндегі деректер 1-ІС нысаны бойынша кәсіпорындар желісі мен ЖК-ді бағалау (2000 жылы жеке кәсіпкерлер санағының деректері) бойынша желіні қосады.*

Қорыта келгенде, мейрамхана үлкен корпорация болмағандықтан, кризис оны тез жұтып алуы мүмкін. Сондықтан мейрамхана бизнесіндегі антикризистік басқару ең осал, қарапайым немесе тіпті көзге көрінбейтін себептер арқылы келуі мүмкін. Оның алдын алу немесе көзін жою әр мейрамхананың алдына қойылатын жауапкершілік. Алдын алу жолдарына тоқталып кетсем, біріншіден, мейрамханада кеткен қателіктерді тауып, толығымен тазалау жұмыстарын жасау. Екіншіден, мейрамхана жаңа идея, имидж

құрастырып, перспективаларының мінсіздігіне көз жеткізіп, барлығын жаңадан бастауы. Үшіншіден, маркетингтік стратегияны жаңадан қарап шығу. Төртіншіден, даму жоспары жаңарту. Мамандарды ауыстыру, іскерлік қабілеттері жоғарыларына алмастыру. Банкті таңдау, дұрыс өнім қолдану, менюді жаңарту деген мәселерге айырықша көңіл бөлу. Сондықтан мейрамхананы сақтап қалу үшін жоқтан бар шығарып, барынша тырысқан жөн.

**Әдебиеттер:**

1. Баринов В.А. Анткризисное управление. – Москва: «ФБК», 2010
2. Муталиева Л.М.. Маркетинг ресторанныго бизнеса: Учебное пособие. – Алматы: «Экономика», 2010
3. Колташов В. Кризис глобальной экономики. – Москва: « ИГСО», 2011
4. Журнал «Казахстанс сегодня». Алматы, 2009, с. 6
5. www.stat.gov.kz «Қазақстан Республикасының статистика агенттігі».

**Сәкен А.С.**

Халықаралық Бизнес Академиясы  
«Мейрамхана ісі және қонақүй  
шаруашылығы» мамандығы,  
1 курс студенті

Ғылыми жетекші:

э.ғ.к., доцент **Манап А.С.**

## Мейрамхана бизнесіндегі франчайзингтің алатын орны

Қазіргі таңда елімізде франчайзинг жүйесі күн өткен сайын даму үстінде. Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытудың бірден-бір тиімді әдісі – франчайзинг болып табылады. Сондықтанда франчайзинг - бизнесті жүргізудің ең тиімді түрі және ол мемлекеттік қолдауға ие болып отыр.

«Франчайзинг – келісім-шарт негізінде франчайзердің (құқық иесі) франчайзиге (құқық алушы) өз атынан өнімдерін, бизнесті жүргізу технологияларын немесе басқа коммерциялық ақпараттарын белгілі бір аумақта сатуға (таратуға) толықтай құқық беретін кәсіпкерліктің инновациялық нысаны». Сонымен қатар франчайзинг деп франчайзингтік (немесе франшиздік) жүйенің қалыптасу үрдісімен қатар қолдауға ие болып ары қарай дамуын айтады [1].

Әлем жаһандануда, оның негізгі құралы франчайзингтік мегабрендтер болып табылады. Франчайзинг ол келешектің бизнесі. Сарапшылардың болжамы бойынша ХХІ ғ.әлемдік бизнестің 50%дан астамы франчайзингтік жүйе бойынша жұмыс жасайды, ал екінші бөлігі жабдықтаушылар қызметін атқаратын болады.

Франчайзинг шағын бизнестің дамуына, халықтың біршама бөлігін жұмыспен қамтуға, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне септігін тигізетін тиімді құрал болып табылады. Сондықтанда, көптеген мемлекеттер франчайзингтің қарқынды дамуына осы қатынастарды реттейтін заңдар қабылдау арқылы, нарық қатысушыларына жеңілдіктер ұсыну арқылы арнайы көңіл бөледі. Осыған орай 2002 ж. Қазақстанда франчайзингтің дамуы үшін сәтті жыл деп атауымызға болады. Дәл осы жылы отандық франчайзингтің дамуында елеулі жағдайлар орын алды:

1. 2002 жылы 24 маусымда франчайзинг туралы заң қабылданды;
2. Қазақстан Франчайзингтік ұйымы (ҚФҰ) құрылды;
3. Халықаралық кәсіпкерлік жобаларды дамытудағы франчайзингтік бағдарламаларды ұсынатын Америка Агенттігі қалыптасты.

Негізінде Қазақстандағы франчайзингтік жүйенің қалыптасуының алғашқы бастамасы 1994 жылы елімізде «Coca-Cola» өнімін өндіруші заводтардың салынуы болды [2]. Кейіннен көптеген шетелдік франчайзингтік жүйелер ашыла бастады. Мысалы: «Baskin Robbins», «Adidas», «InterContinental», «World Class», «Pizza Hut», «BURGER KING», «Gloria Jeans», «Росинтер Ресторантс Холдинг», «ZARA», «Rixos», «Benetton» «KFC» т.б.

2013 ж. Қазақстандағы франчайзингтің жылдық табысы 2,2-2,5 миллиард долларды құрады, бұл 2007 ж. салыстырғанда 100%ға артқандығын көрсетеді [3]. Соңғы жылдары елімізде отандық франчизалардың саны артуда, бірақ шетелдік франшизалар мөлшері алда келеді. Олардың негізін мейрамхана, киім сату дүкендері, сауықтыру орталықтары, иіссу қызметтері фаст-фуд франчайзингтері құрайды. Қазақстандағы франчайзингтің салыстырмалы алғанда шағын болуына байланысты жүйенің нақты бір санын ала алмаймыз. Бірақ франчайзингтік тіркеулер мен келісімдерді тіркеп отыратын біртұтас орталық қызмет жасайды. Оларда әрбір франчайзингтік келісімі тізімге тіркелінеді, бірақ та компаниялардың көбісі бұған аса мән бере бермейді [2].

### Кесте 1 - Франчайзинг 2012 жылғы бойынша кәсіпкерлер елдер

Мемлекеттер	Франчайзингтік жүйелер саны	Франчайзингтік нүктелер саны
Қытай	3200	270000
АҚШ	2900	975000
Жапония	2400	310000
Үндістан	1700	135000
Германия	1500	67000
Франция	1400	50000
Бразилия	1400	мәлімет жоқ
Ұлыбритания	1370	мәлімет жоқ
Австралия	1300	мәлімет жоқ
Мексика	1300	мәлімет жоқ
Ескерту- [3] әдебиет негізінде автормен жасалған		

Кестеден франчайзингтік жүйелер саны мен франчайзингтік нүктелер саны бойынша 2012 жылы бастапқы үштікте Қытай, АҚШ және Жапония мемлекеттері орын алып отыр.

Ал енді отандық брендтер атауына тоқталатын болсақ, мейрамхана бизнесі бойынша

«Arsenal», «Жерұйық», «Қазына», «Алаша», «Тау Дастархан», «Алтын бидай» көшбасшы болып табылады. Ал фаст фуд желілері бойынша «Қағанат» көшбасшы болып отыр. Толығырақ 2 кестеде берілген.

### Кесте2- Отандық брендтер атауы

Салалары	Атауы
Мейрамхана шаруашылығы	«Arsenal», «Жерұйық», «Қазына», «Алаша», «Тау Дастархан», «Алтын бидай»
Фаст-фуд желілері	«Қағанат»
Ойын-сауық	«Оттау Синема»
Сусындар	«Сарыағаш», «Асем-ай»
Дәріхана	«Казахстанская семейная аптека», «MShelp», «Mlessna»
Сүт өнімдері, сусындар	«Фудмастер», «Айналайын»
Ескерту- [3] әдебиет негізінде автормен жасалған	

Қазақстандағы франчайзингтің дамуына кері әсерін тигізетін факторларға көңіл аударсақ:

1. Осы салаға арналған арнайы франчайзингтік жәрдемақылар мен преференции жоқтығы;
2. Интеллектуалдық жекеменшіктің толықтай қорғалмауы;
3. Кәсіпкерлердің рұқсат алуының шектелуі;
4. Отандық кәсіпкерліктің түссіздігі;
5. Франчайзинг туралы мағлұматтардың аздығы;
6. 2000-2007ж.ж аралығындағы жылжымайтын мүлік бағалардың өсуі.

Тағы бір мәселенің бірі «франчайзингтік менталитеттің жоқтығы». Халық қымбат брендті арзан бағаға сатып алғысы келеді. Мысалы: Ең көп сұранысқа ие Макдональдс өнімдері болып табылады. Бірақ бұл брендтің құны 80-150000 еуро шамасында. Бұл қаржыға АҚШта Макдональдстік франшизаны сатып алуға болады. Бірақ Қазақстанда емес... Макдональдс мейрамхансын ашу үшін шамамен 4,5-5 млн доллар қажет. Сонымен қатар ғимаратты керек құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін және жұмысты жақсартуға тағы да 1,2млн доллар қажет болады. Компанияның қоятын талаптары да бар. Мысалы, бастапқыда кәсіпкердің 950мың доллар шамасында қаржысы болуы шарт, сонымен қатар компания басшысы ай сайын табыстың 12,5% беріп отыруы тиіс. Макдональдс франшизасын сатып алу шамамен 20 жылды құрайды [5].

Экономика өндіріс салаларын дамытуда (франчайзингтіде) қалалардың алатын орны жо-

ғары. Өйткені, ірі мегаполистер халықаралық іскери және финанстық орталық болып табылады. Мұның экономиканың дамуында маңызы зор. Осыған орай көптеген қалалар брендке айналып үлгерді. Мысалы: Париж-махаббат қаласы, Милан-сәнгерлік қаласы, Токио-модерн, Рио-де-Жанейро-карнавал, Рим-антикалық, Лас-Вегас-казино, Голливуд-кино және т.б. Астана мен Алматы қалаларында 2011ж. Азия Олимпиада ойындарының болуы осы қалалардағы франчайзингке жағымды әсерін тигізді [2]. Сонымен қатар 2014ж. мейрамханалық франчайзингтің дамуы Қазақстанда көптеп сұранысқа ие болады деп күтілуде. Мамандардың айтуынша қонақ үй бизнесі халықаралық франшизамен толығырақ дамытады. Сонымен қатар елімізде өтетін халықаралық «Экспо-2017» көрмесі де маңызды рөл атқарады. Өйткені көрме осы саланы дамытады және қонақ үй желілері толығымен қамтылады. Транзиттік дәліздің дамуына орай жол бойына салынатын кафелер жүйесі қалыптасуы мүмкін [6]. Құрылыс нысандарының көптеп салынуы елімізге жаңа брендтердің келуіне ықпалын тигізеді. 2014ж. франшизалық табыс 2,6-2,7млрд долларды құрайды деп күтілуде. Бірақ алдыңғы цифрлар өзгермеуі де мүмкін, өйткені кейбір франшизалар жабылуы мүмкін [7]. Ең алдымен елімізде шетелдік франшизаларға көшірме жасамай, отандық франшизаны дамыту керек, сонда түскен табыс өзімізде қалар еді және де франшизаның қарқынды дамуына орай шаралар ұйымдастыру керек болар еді.

**Әдебиеттер:**

1. Международное агентство по франчайзингу и лицензированию CAFLA
2. Кац Р. Б. Франчайзинг: построение предприятия, бухгалтерский учет, правовые аспекты. Москва: ГроссМедиа, 2010
3. Кисиков Б. Франчайзинг в Казахстане. Алматы, 2011
4. <http://tengrinews.kz/markets/oborot-franchayzinga-v-kazahstane-sostavit-27-milliarda-dollarov-247042/>
5. <http://i-news.kz/information/V-godu-budet-spros-na.html>
6. <http://expertonline.kz/a11451/>
7. <http://kapital.kz/finance/25206/v-2014-godu-budet-spros-na-restorannye-franshizy.html>
8. <http://tengrinews.kz/markets/oborot-franchayzinga-v-kazahstane-sostavit-27-milliarda-dollarov-247042/>



## Қазақстан Республикасындағы қонақүй бизнесінің даму барысы

Қонақүй шаруашылығы туризм саласының бірден бір бөлігі. Туризм саласы дами отырып, қонақүй шаруашылығының дамуына жол ашды. Ұлы Жібек Жолында орналасқан Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып қорықты жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып табылады. Туризм әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның салааралық кешені ретінде әлемдік экономикада басты рөлді алады, әлемдік ұлттық өнімнің 1/10 бөлігін қамтамасыз етеді. Сондықтан да алдағы кезеңде оның ең маңызды фактарына айналмақ. Ол өзімен қоса қонақүй бизнесін дамытады. Соңғы кездері, қонақүй бизнесі әлемдік пайдалы бизнеске айналып отыр. Қазіргі кезде әрбір 15-ші қызметкер қонақүй бизнесінде жұмыс істейді. Туризм үлесіне әлемдік капиталдың шамамен 7%-ы, салық түсімдерінің 5%-ы, тұтынушы шығындарының 11%-ы келеді. Бұл көрсеткіштер, әрине туризм индустриясының, оның ішінде, әсіресе қонақүй саласының жұмыс істеуіне тікелей экономикалық тиімділікпен сипатталады. Қонақүйдің басты көзі - турист болғандықтан, қонақүйді көрсетілетін қызметтердің сапасы әлемдік деңгейде әр түрлі болуы қажет. Тек сонда ғана қонақүй саласы өркендеп, өз дамуын одан әрі жалғастырады. Қонақүй – мемлекеттік стандарт бойынша адамның уақытша тоқтауына мүмкіндік жасаған барлық объектілер. 18 - 19 ғасырларда экспедицияның дамуына байланысты қонақүй шаруашылығы өте дамыды [1].

Қонақүй қызметінің саласы - бұл адамдар арасындағы қарым-қатынас, нақты алушы мен сатушы арасындағы байланыс. Яғни, қызмет көрсетушілердің күш жігері демалушыларға арналып, қонақтардың ойын жаулап алу мақсатында ауқымды дәрежеде қызмет көрсету. Туризм саласындағы қызметкерлердің нақты жұмыс барысы, жұмыс уақыты, демалыс уақыты тура белгіленсе, онда бұл салада үлкен жетістіктер, атақ-абыройларға ие бола алады. Аз ғана уақыт болса да туристер үшін қонақүй - ақылы уақытша өз үйі. Ал үй ішінде адам өзін жақсы сезіну, көтеріңкі көңілді болу, оны әрқашан көтеріңкі көңілмен күтіп алатындығына, оның барлық сұраныс түрлерін қанағаттандыратындығына сенімді болу шарт. Осындай жолмен ғана қонақүйлерді ту-

ристердің екінші үйіретінде, осы үйге қайта - қайта келу тілегін қалыптастыру керек. Жалпы қонақүй шаруашылығы бизнесін туристік бизнестен тысқарастыру мүмкін емес. Қонақүй шаруашылығы халықты жұмыспен қамтамасыз етеді және пайда табу көзі болып табылады [2].

Қазақстанда туризм әр жерде дамығанымен, одан басқа қаншама игерілмеген аймақтар қалуда. Соларға тоқталатын болсам, оның бірі - Қызылорда облысы. Қызылорда облысында саяхат мақсатына қарай тарихи - танымдық және экологиялық, ал әлеуметтік мақсатына қарай діни туризмді дамытуға мүмкіндіктер бар. Себебі туристік нысандардың ішінде Сыр өңірі – тарихи-археологиялық және тәуіп ету нысандарына бай өлке. Мәселен, Арал ауданы бойынша алдандырылған 16 тарихи - мәдени мұра нысандарының 8-і, Қармақшы ауданы бойынша 29 нысанның 17-сі археологиялық ескерткіштер қатарында. Яғни, осы өңірде туризмді одан әрі дамытсақ, қонақүй бизнесін өте қарқынды түрде дамытуға жол ашамыз. Ал тағы бір қонақүй бизнесінің дамуына келешекте зор мүмкіндігі бар облыс - Алматы облысы. Алматы облысында туризм дамыту күмәнсіз жүзеге асады. Мәдениет және тарихи түрлі ескерткіштердің болуы территорияның туризмнің дамуына қолайлы жерлердің бірі. Жетісуда бір күннің ішіндебарлық табиғи зоналарды шөлдерден, Іле Алатауларына дейін баруға болады. Алматы облысындағы көп саналы және түрлі образдағы сәулет ескерткіштері кім-кімді болсын таңдандырады. Ортағасырлық қорлар мен қола дәуірінен таулы суреттер. Осы қазыналарымызды туристік орталықтарға айналдырсақ, қаншама туристер ежелден келе жатқан жерлерді тамашалауға келереді. Тағы бір туристік нысан ол - Алмаарасан. Алмаарасан шатқалы әрадамның көкке шығып, нағыз тыныштықта демалатын орны. Қаладан небәрі бірнеше шақырым жерде орналасатын тамаша жер. Туризм мен экскурсия дамуында Алтын Емел ұлттық табиғи паркі және Алматылық, Балқаштық, Іле Алатаулары мен қорықшалары маңызды рөл атқарады. Олар керемет экскурсия нысаны болып табылады, оның ішінде шетел туристрі үшін де. Сондықтан осы жерлер маңында үлкен, заман талабына сай қонақүй бизнесін құрастыру мүмкіндік тудыра-

ды. Одан басқа Бұрхан бұлақ, Тамшыбұлақ, Есік көлі, Көлсай көлі, Үлкен Алматы көлі, Бесшатыр қорғандары өлкелері кең байтақ еліміздің нағыз туристік нысандарын айналуда. Қапшағай су қоймасының да өзіндік үлесі бар. Жаздық демалы сорны ретінде, келушілер санымен де алдыңғы орындарда. Қапшағай су қоймасының терістік әлеуеті ресурстарына негізделеді. Іле өзенінің жақ жағалауындағы жартастарға салынған суреттер және Көшпенділер фильмінің декорациялары туристердің қызығушылығын арттыруда. Және туристердің жиі баратын жері арнайы итальяндық жоба бойынша салынған қалалық аквапарк. 2013 жылдың көрсеткіші бойынша ақылы туристік - сауықтыру қызметі 3850000,0 мың теңгені құрады. Аумақта қызықтыратын туристік имиджді қалыптастыру үшін кең ауқымды іс - шаралар жасалу керек [3].

Келешекте бұл өңірлер Қазақстандық туризмнің ең алдыңғы қатарлы аудандарына айналаалады. Бір теңінен танымал болу үшін туристтерге қызмет көрсетудің дамыған жүйесін құру қажет болады. Бұл өңірлер дерекреациялық ресурстары проблемасының яғни, мәселесін шешу үшін және мұнда туризм индустриясын құру үшін табиғи - тарихи, экономикалық, техникалық сипаттағы арнайы зерттеулерді жүзегеасыру қажет. Осындай қолдағы мәліметтерді саралай отырып, қонақүй мекемелерінің табыстары оларды ірілендіріп, икемді баға саясатын жүргізу арқылы өсіп келетіндігін айта кету керек. Олар туристердің тұруынан ғана түсетін пайданы ғана емес, жабдықтарды пайдаланудан, бизнес ұйымдарға арналған бөлмелерді жалға беруден, ойын - сауықтарды, түрлі бұқаралық шараларды ұйымдастырудан түсетін пайданы да қамтиды. Орналастыру индустриясы қызметінің басты тұтынушылары ретінде негізінен іскер туристер болып отыр, ал жай тұрғындардың көпшілік бөлігінің шетелдегідей қонақүйде тұруы өмірсүру дағдысына айналмаған [4].

Соңғы кездері Қазақстан әлемдік туристік нарыққа белсене араласып келеді. Бірақ елдегі қонақүй индустриясының даму қарқынын талдау Қазақстанда қазіргі таңда бұл бизнестің дамуы әлі де бастапқы кезеңде байқалып отыр. Басқа елдермен салыстырғанда қазақстандық азаматтардың белсенділігі төлем қабілеттілігінің деңгейінің жоғары болмауына байланысты төменгі дәрежеде қалып отыр. Осыған байланысты қонақүй кәсіпорындары әр клиент үшін қатаң бәсекелестік жағдайында жұмыс істейді [5].

Туризм дамытуының негізгі бағыты- Дүниежүзілік көрме 2017 болып табылады. ЕХРО дегеніміз - бұл ауқымды құрылыс екені сөзсіз. Сонымен қатар туризм, экология және

көрмелерді ұйымдастыру мәселелерімен айналысатын ұйымдардың өкілдері де өз қызметтерімен таныстыруға мүмкіндіктері бар. «Бүкіләлемдік ЭКСПО» - бұл миллиондаған шетелдік қонақтар тамашалайтын үлкен форум. Мұндай форум мейлі, Сарагоса, Барселона, Шанхай немесе Астанада өтсін, оған халықтың лек - легімен ағылатыны белгілі. «Астанадағы ЕХРО –2017» Халықаралық көрмесінің негізінде Қазақстан экономикалық және туристік орталық ретінде таныстырылады» атты форумда жария етілді. Германияның федералдық Үкіметінің атынан сөз сөйлеген ГФР - дың сыртқы істер министрі Корнелия Пипер Қазақстанның Германия үшін Орталық Азия аймағындағы берік саяси диалог орнатқан, саяси экономикалық байланыстар табысты дамыған жетекші ел екенін атап өтті. Неміс дипломаты шикізаттық, өнеркәсіптік және технологиялық салалардағы екіжақты әріптестікті жандандыруға ешқандай кедергі жоқтығын айтты. Неміс депутаты туризмді және Астанадағы «ЭКСПО– 2017» көрмесі саласындағы екіжақты ынтымақтастықты жандандыру үшін екіел арасындағы визалық тәртіпті ырықтандыруға шақырды. Бундестагтың туризм жәнеспорт жөніндегі комитетінің мүшесі Юрген Климкебтің пікірінше, Қазақстанда туризм экономикасын дамытуға берік негіз болатындай бірегей табиғи құндылықтар, тарихи және мәдени ескерткіштер көп. Осыған орай, ол Қазақстанды халықаралық туризм мен туристік бизнес орталығына айналдыруға мүмкіндіктер беретін бірқатар жобаларға назар аударды. Неміс депутаты бұл бағыттағы Германияның озық тәжірибесі мен мол мүмкіндіктерін қазақстандықтардың үлгі тұтуын қостайтынын айтты [6].

Ұсынылып отырған 2017 жылы «ЕХРО» көрмесі Астанада Зайға - 2017 жылдың 10 маусымынан 10 қыркүйегіне дейін созылады. Көрмеге әлемнің 100 - ге тарта елі мен 10 халықаралық ұйым қатысады, көрмеге 5миллион адам келеді деп күтілуде. Бұл Қазақстанның халықаралық деңгейде алға жылжуында үлкен қадам болмақ. ЕХРО - 2017 өткізу елорданың да, тұтас республиканың да экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы үшін қосымша ынталандыру болады. Астанадағы жәнеоның маңындағы кіші және шағын бизнес, ең алдымен қызмет көрсету саласы, қонақүй бизнесі мен ішкі туризм дамуға елеулі дүмпу алады. Бұл шара көрме нысандары мен Астананың инфрақұрылымын салуға жеке инвестицияның елеулі көлемін тартуға мүмкіндік береді. Көрме әлемді қазақстандықтардың көпұлтты мәдениетімен, көне тарихымен, өнерімен, дәстүрлері мен қонақжай мінезімін таныстырады, Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы танымалдылығы мен тартым-

дылығын жоғарылатады. Туристер мен көрмеге қатысушылардың көп саны оларға қызмет көрсетуші жеке қызметтердің белсенді дамуына жол ашады. Өйткені келушілерге тұратын орын, сапалы тамақ, аудармашылар, экскурсиялар мен ойын - сауық қажет болады.

Сонымен туризм қазіргі кездегі дамып отырған салалардың бірі және экономикасының жетістікті дамуына үлесі зор. Ал, қонақүй шаруашылығы туризм дамуына маңызды орын алатындықтан, оның қызмет етуінің тиімділігін кепілдейтін жоғары сапалы сервисті ұйымдастыру мәселесі бүгінгі күні өте актуальді деп санаймыз. Туризм сервистік қызмет арқылы қонақүй шаруашылық жүйесін қалыптастырады. Сервис элементтері қонақүй келушілерін бұл жерге о ралуына әрдайым дайын болатын эмоционалды жағдайды жоғары клиенттерге айналуға көмектеседі. Сондықтан маркетинг мамандары қонақүй қызметшілердің

қонаққа сапалы қызмет көрсетуге ынтасы мен мүмкіндіктері бар екеніне сенімді болу үшін барлық жағдайларды жасау керек. Тағы бір айта кететін жәйт, егер заман талабына сай қонақүйді сол айтып өткен тамаша туристік жер бола алатын жерлерде құрсақ, ол қонақүй төбесіне арнайы төбесі ашық, адамдар таза-ауада демала алатын орын дайындап, сол қонақүй орналасқан жер дәл алақандай көрінетіндей етіп жасасақ, ол да бір ерекше қонақүй бола алар еді. Одан басқа қаншама қонақүйлер, ерекше, зәулім қонақүйлер бой көтере алареді. Кең байтақ жерімізде туризм саласы дамып, қонақүй шаруашылығы жоғарғы дәрежеде дамыған елдер қатарына қосыларына кәміл сенеміз. Осындай қолдағы мәліметтерге және де басқа келтірілген нәтижелер мен сапаны талдау жұмыстарды, басқа қонақүйлер қолданылса, тәжірибелік құндылығын аттыра түседі.

### **Әдебиеттер:**

1. Исмаев Д.К. «Основы стратегии и планирования маркетинга в туризме - Высшая школа по туризму и гостиничному хозяйству» 1994; ауд.
2. Баркан Д.И. «Маркетинг для всех: Беседы для начинающих» 1991; ауд.
3. [www.group-global.org/ru/publication/view/5407](http://www.group-global.org/ru/publication/view/5407)
4. [www.group-global.org/ru/publication/view/5407](http://www.group-global.org/ru/publication/view/5407)
5. Никитинский Е.С. Қазақстанның туристік тұрақтары, құқығы. Астана, 2009
6. Егеменді Қазақстан -2001-26 маусым, 28 қыркүйек.
7. <http://www.voxpopuli.kz/kz/post/1725/eksporto-turaly-15-derek>

## Қонақүй менеджерінің кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар

Ұйымдастырушылық немесе басқарушылық қасиет білім мен шеберлікті, ұйымдастырушылық қасиеттерді шебер пайдалана отырып қол астындағыларға толық әсер ету, және сол арқылы әлеуметтік – экономикалық процестерге ықпал ету арқылы көздеген немесе алға қойған мақсатқа жету болып табылады. «Менеджер» сөзінің шығу тарихына үңілсек, ол асауды құрықтап, дегеніне көндіру ұғымын беретін сөз екен. Ағылшын тілінен бүгінгі күні «Менеджер» сөзінің аудармасы «басқарушы маман, бизнесті ұйымдастырушы» дегенді білдіреді.

Әрине, «жетекші» немесе «басқарушы» ұғымына жалпылама түрде бір жақты нақтылық ұғым беру қиындық туғызады.


Жеке адам бойында кездесетін көшбасшылық қасиетті терең біліммен, саналы ақылмен ұштастыра алса, онда басқарушы қол асты бағынышты қауымға өз ойын, алдындағы мақсатын толығымен сапалы түрде мойындата алады. Және сол арқылы үлкен нәтижеге жетері анық болады.

Нәтижелі менеджер болу дегеніміз – адамдарды нәтижелі басқару. Менеджердің же-

текшілік рөлінің маңызы – қол асты бағынышты адамдарының әр іс әрекетіне толығымен жауапкершілігі болып табылуы.

Менеджер ретінде тағайындалуға болады, бірақ ұжымда көшбасшылық рөлде қабылданбауың да мүмкін. Қарапайым ұжымдастар сенің жеке іскерлік шеберлігіңді, адамгершілік қасиетіңді, санаңды толық мойындамайынша, сені менеджер ретінде мойындамайды. Адамдарға жетекшілік ету – менеджердің іс-әрекетіндегі динамикалық іс-әрекет формасы. Өйткені, ол іс-әрекеттер жиынтығынан туындайтын және менеджердің жеке өзіне тәуелді құбылыстар, ұжымдағы қарым – қатынасқа, кәсіпорын ерекшелігіне де тәуелді десек болады.

Мейрамхана менеджерінің алдындағы негізгі басты күрделі мақсат: меймандарына саналы қызмет көрсету және сол арқылы қомақты пайда табу. Сондықтан да отель менеджері қандай қасиеттерге ие болуы керек, еңбек нәтижесімен бәсекелестерінен өз өнеркәсібін қандай жағдайда жоғарылата алады. Әрине, тәжірибеде менеджердің саналы басқаруы тікелей жеке бас қасиетіне тәуелді (сурет 1).



Сурет 1 - Қазіргі кездегі отель менеджеріне қойылатын талаптар

Бастапқыда қонақүй индустриясы қызметі тікелей, қонақүй иелерінің өз басшылығымен жүргізілген болатын. Осы бизнестің өркендеуіне байланысты отельдер ұлғая бастады, басқаруда қиындықтар туындады. Сондықтан отель қожалары арнайы кәсіби менеджерлер қыз-

метіне жүгінуге мәжбүр болды. Бүгінгі күні осы менеджер атқаратын түрлі міндеттер жиынтығынан мынаны бөліп атауға болады:

- Басқарушылық шешімдер қабылдау және олардың орындалуын жүйелі жауапкершілігі;

- Ақпараттық операция: неғұрлым ақпарат көлемді болса менеджер оны орындаушыларға айқын жеткізді, сол құрылым орындалу нәтижесі де жоғары болмақ. Саналы түрде басқарушылық шешім қабылдау үшін шынайы ақпараттарды жинау және жүйелеу қажет. Кім ақпарат иесі болса, ол әлем иесі – деген мақал тегін айтылмаса керек.
- Оtelьдің ішкі және сыртқы қатынастарына, ұжым иелеріне қонақүй кәсіп орны мақсатына бір кісідей атсалысуына ынталандыру жұмысы, міне осының бәрі менеджердің басқарушылық лауазымдық қызметіне жатады.

Дәлірек айтсақ, менеджер – диспетчер. Ол күнделікті отель өмірінің реттеушісі іспеттес. Күнделікті отель жұмысын зерттеп, орындаушыларға айқын кәсіби ақпарат беруді қамтамасыз ету, бағыныштылармен әрекет нәтижесінде барлық істер мен түйінді мәселелердің басында болу. Бұл менеджерден жұмыс барысындағы қандай да болсын тосын жағдайсыздықтың, сәтсіздіктің алдын алу кепілдігі болады. Ол үшін менеджер сенімді ақпарат көзіне тез қол жеткізуі тиіс. Менеджердің диспетчерлік қызметі оның әріптестері арасында қызмет бөлу шеберлігін, екінші жағынан өз еңбек уақытын шебер ұйымдастыру шеберлігін талап етеді.


Менеджерді – еңбек процессін ұйымдастырушы деп қарауға да болады. Бұл тұғырдан оның басшылық функциясы отельдің жұмысымен ғана шектелмейді. Нарықтың қатынас жағдайында отель мен сыртқы әлем қатынасы туралы ақпарат қажеттілігі туындайды. Жинақталған ақпарат өңделеді де барлық қызметкерлерге қолжетімді болады. Бұның өзі менеджерге шұғыл түрде жоспарлауға, ұзақ мерзімге жасалатын жоспарлауға, сол арқылы отель жұмысының нәтижесі жемісті болуына жағдай жасалады. Кәсіпорынның қандай да болса жаңа

жоспары, бақылау сызбасы, бағдарламасы сол кәсіпорынның жұмыс кестесіне сәйкес болуы қажет және менеджердің де оған бағыныштылардың да жұмыс кестесімен сәйкестігі финанстың еңбектік көзқарас тұғырына, қонақүй мүмкіндігіне сәйкес жасалуы қажет. Сондықтан да жоспарлау мен бағдарламаларды іске асыруда менеджердің рөлі отель ресурстарын нарық тенденциясына сәйкестендіруші болып табылады.

Көшбасшы ретінде менеджер өз программасы мен жоспарын қоластындағылар толық қабылдап, нәтижелі толымды еңбек ететініне сенімді болуы керек. Ол тек бақылаушы, түзетуші, жаңа ақпаратпен қамтамасыз етуші және бағыттаушы болып, жергілікті қоғамдық ұйымдармен, корпоративтік басшылықтарымен, мамандармен байланысшысы рөлін атқарушы болуы керек.

Менеджердің түбегейлі функциясы отель жұмысының тұрақтылығына негізделген ішкі және сыртқы мониторингтеу жүйесін жүргізіп, стратегиялық жоспарлау және сол негізде төменгі тізбектегі басшылық пен жоғарғы деңгейдегі басқарушылық арасында байланысшылық жасау және финанс ресурстарын бөлу болып табылады. Соңғысы әрине көбінесе менеджердің формальды түрде бюджеттен хабардар болуын, финанстық жауапкершілікті талап етеді. Менеджер рентабельдікке, адами ресурстардың дамуына, жоспарлауға, ұйымдастыруға толық жауап береді және әріптестерінің жұмысын бақылайды. Сондықтан менеджер – бизнес басқарушы деп те есептелінеді [1].

Әрине, менеджердің басқару жүйесінің нәтижелілігі оның басқару стиліне де тәуелді екені неміс ғалымдарының зерттеу нәтижесінен көрініс тапқан. Үш жыл бойы жүргізілген зерттеуге мына сызба арқылы көз жеткізуге болады. (сурет 2) мына суретті мынаның ішіне кіргізу керек



Басқарушы жұмыс уақыты  
 А – авторитарлық басқару стилі.  
 В – либералдық басқару стилі.  
 С – демократтық басқару стилі [2].

Осы басқару стильдерінің ішіндегі нәтижелі басқару стилі демократиялық басқару стилі екені сызбадан айқын көрінуде. Осы стильді қолданатын менеджер көптеген күрделі мәселені шешуде бірлесе отырып шешім қабылдайды, ұжымдағы барлық мәселелер бойынша ұжымдастарын хабардар етіп отырады. Өзіне айтылған сын мен ескертулерге дұрыс түсінікпен бағалайды. Қоластындағыларға әділеттілікпен, сыпайлықпен, сыйластықпен қарайды[3]. Әріптестеріне сеніммен қарайды және басқару барысында міндеттерін олармен бөлісе алады. Қандай да болса күрделі мәселе осы басқару стилін меңгерген менеджерге, шешім қабылдауда барлық қонақүй ұжымымен бірлесе шешілетін оңтайлы іс болады. Демократ – менеджер ардайым топтың ортасынан табылады. Ұжымның әр мүшесі өз ойын басшысына еркін түрде жеткізе алады. Бұл менеджер ұжымның оң істерде ұйытқысы болып табылады. Ұжымдағы микроклиматта басқарушылық нәтижесінде жақсарды [4].

Бүгінгі күнгі менеджер қандай болуы керек деген сауалға қорыта келгенде айтар түйін, біріншіден, менеджер өзін-өзі басқара білуі керек, өз уақытын ұтымды пайдалана білуі керек, қоластындағы адамдарды баға жетпес құндылық ретінде пайымдай білуі тиіс. Конфликтік, стрестік жағдайларды болдырмау жолын білуі керек. Күнбе күн көптеген күрделі мәселелерден оң шешім қабылдау шеберлігіне ие болу керек және бұл шешім басқаларға кері әсері болмауы тиіс. Күнделікті өмірде өз білімін жетілдіре отыруға және сол білімін практикада пайдалануға тиіс. Соның негізінде творчестволық шеберлігін шыңдауға міндетті, әрдайым жаңа идея, жаңаша көзқарас, жаңаша ұйымдастыру жолдарын жете меңгеруге тиіс.

Қазіргі заман сіз қандай менеджер – көшбасшылық қасиеттермен қарулансаңыз, сіздің шеберлігіңіз, тапқырлығыңыз қай дәрежеде болса, болашақта сіздің карьераңыздың сәттілігі оған тікелей байланысты.

### **Әдебиеттер:**

1. Управление гостиницами и ресторанами: учеб. Пособие / Н.И.Кабушкин. – Минск : БГЭУ. 2009
2. Менеджмент гостеприимства : учеб. Пособие / Е.Н.Кнышева, Ю.М.Белозерова – М: ИД, «Форум»: Инфра –М, 2010
3. Уонер Джон Р. Управление гостеприимством. Вводный курс. Пер. с англ. [В.Н. Егорова]– М: ЮНИТИ – Дана, 2006
4. Юльчиева Г.М. Менеджмент персонала в гостиничном бизнесе. Алматы : ТОО «Издательство LEM», 2010.

**Тұрлыбай Л.М.,  
Науашева А.А.**

Халықаралық Бизнес Академиясы  
«Мейрамхана ісі және қонақ үй  
шаруашылығы» мамандығының, 1 курс

Ғылыми жетекші:

**Калияскарова Э.А.** аға оқытушы

## СММ арқылы мейрамхана бизнесін жүзеге асыру

Маркетинг – тауар өндіру-өткізу және сауда жасау қызметін ұйымдастыру мен басқару жүйесі. Маркетинг нарық дамуының жай-күйі мен келешегін зерделеуге негізделеді, тұтыну мен өндіріс өніміне (тауарға, көрсетілетін қызметке) сұранымды қалыптастырады, табыс алу мақсатымен нарықта тауарлардың өткізілуін тездетуге бағытталады. Маркетинг — сұранымды жан-жақты зерделеп, болжау, жарнаманы

пайдалану, өндірісті ынталандыру, сақтау мен тасымалдаудың осы заманғы тәсілдерін, тауарлардың тұтынушыға жетуіне жәрдемдесетін техника және басқа түрлерін қолдану негізінде кәсіпорынның жаңа өнімді әзірлеу, өндіру мен өткізу жөніндегі ұйымдық-техникалық, қаржы, коммерциялық және басқа қызмет түрлері жатады [1].



Сурет 1 – Маркетингтік цикл

Маркетингті зерттеулер көбінесе бір кәсіпорын ашқан кезде жүргізіледі. Мейрамханадағы маркетингтік зерттеудің ішіне: мейрамхананың орналасатын жерін дұрыс анықтау. Яғни, бұл жерде мейрамхана ашу қолайлы ма және бұл қандай мейрамхана болады. Мейрамхананың орналасу ауданы міндетті түрде зерттеледі. Оның беделі, қол жетімділігі және тұтынушылар мен бәсекелестердің бар болуы зерттеледі. Сонымен қатар, орналасу ғимараты, оның қаншалықты жарамды болуы, сондай-ақ, оның техникалық сипаттамасы, заңды аспектілері зерттеледі.

Тамақтану кәсіпорындарындағы маркетингке зерттеу жүргізілген. Ол Қазақстандағы қоғамдық тамақтанудың күшті және әлсіз жақтарын көрсетеді [2].

Жарнама – қонақ үй және мейрамхана бизнесінде ерекше орын алады. Бұл сыйымды және көп аспектілі нарықтық қызмет түрі. Әлемдік әдіс-тәсілдерге сүйене отырып, жарнама тек маркетингті кешенде ғана максималды тиімділікке ие болады. Ол маркетингтік коммуникацияларының ажыратылмас бөлігі болып табылады.

«Жарнама» сөзі (лат. айқайлау) – тұтынушылардың назарын аудару, бір нәрсеге танымал-

дылық әкелуді мақсат ететін іс-шара. Көптеген мамандардың ойынша, жарнаманы коммуникацияның формасы ретінде қарастыруға болады дейді. Яғни, ол тауар мен қызметтердің сапасын, тұтынушылардың сұранысы мен қажеттілігін қанағаттандыру [3].

SMM (Social Media Marketing) – әлеуметтік желілер (Facebook, Twitter, Google+ және т.б.) мен басқа да блогплатформалар (yvision.kz, kerekinfo.kz және т.б) арқылы компанияның немесе жеке тұлғаның брендин қалыптастыру, өнімнің немесе қызметтің сату көлемін ұлғайту [4].

Әлеуметтік желілердегі өрлеу:

1. Өрлеу стратегиясының зерттемесі
2. Бірлестіктер құру
3. Бірлестіктерді басқару
4. SMO(Social media optimization) - әлеуметтік медиа даму
  1. Өрлеудің кешенді стратегиясы:
    - Релевантты алаң мен құралдарды таңдау
    - Аудиториядағы өзгешіліктерді ескеру
    - Оңтайлы бюджетке сүйене отырып жоспарлау
    - Тұтынушылардың қалауларын ескеру
  2. Бірлестіктер құру

**1 кесте - Қазақстандағы тамақтану кәсіпорындарындағы маркетингтік зерттеулер бойынша жасалған SWOT-талдау**

Әлсіз жақтары	Күшті жақтары
-өнімнің біркелкі ассортименти -халықтың өнімді сатып алу бағасының сәйкес келмеуі -инфляцияның бағаға әсері -төменгі сапалы жарнама -төменгі сапалы тағам -компьютерлік технологиялардың қолданылмауы -шикізаттың сақтау мерзімін қадағаламау	-сұраныстың болуы -тұтынушылардың максималды келетін жерлерінде орналастыру -азықтардың ұзақ сақталуы -шаруашылықтың кез-келген бағытын таңдау
Қауіп-қатерлер	Мүмкіндіктер
-тұтынушылардың сұранысына стандартты қарау -маркетинг жүйелерінсіз банкротқа ұшырау -коммерциялық тәуекелдің жоғарғы деңгейі -сервистің және тағамның төмен сапасы бизнесті құртады -кәсіпкерлердің жетіспеуі -мемлекет тарапынан бақылаудың болмағаны, халықтың денсаулығына әсер етеді	-бірлесе отырып жасау және даму мүмкіндігі -халықтың әлеуметтік-экономикалық шартын жақсарту -бағаны дифференциациялау арқылы коммерциялық тәуекелдерді азайту -жарнаманың күшеюі тұтынушылардың ақпарат алуына әрекет етеді
Ескерту – [3] әдебиет негізінде автормен жасалған	

- Бірлестіктің дизайнін құру
  - Бірлестіктің тұжырымдамасы мен құрылымын жетілдіру
  - 3. Бірлестіктерді басқару
    - Клиенттердің контентін бірлестіктерде бейімдеу және орналастыру
    - Бірегей контенттерді жүйелі түрде түрлендіру және орналастыру
    - Мониторингті жүйелеу, спамдарды жою, сұрақтарға жауап беру
  - 4. Әлеуметтік жүйедегі жарнама
    - Нысаналы жарнама
    - Әлеуметтікқосымшалардағы жарнама
    - Әлеуметтік желілердің бірлестіктеріндегі жарнама
- Нысаналы жарнама – «ВКонтакте»
- «ВКонтакте» - жарнаманы аудиторияға сегменттеуге үлкен мүмкіндік береді
  - Әлеуметтік желілердегі үлкен ресейлік сегмент
- Оффералық жарнама «ВКонтакте»
- Оффералық жарнама – болашағы бар, белсенді, әйгілі жарнамалардың бірі. «ВКонтакте» әлеуметтік желісінде оффералық жарнама қағидасы:
- Тұтынушы белгілі бір әрекеті үшін ішкі валютаға, яғни дауысқа ие болады
- Нысаналы жарнама – «Facebook»
- «Facebookтегі» жетекші ресейлік аудитория – 25-40 жастағы адамдар. Сонымен қатар белсенді және төлеуге қаражаты жететін аудитория ұсынады.
  - Жарнамаларды өзге сайттарға және «Facebookтің» ішкі парақшаларына енгізе алады.
- Нысаналы жарнама – «Одноклассники» және «Мамба»
- «Одноклассники» - кемелді аудиторияға ұсынылған.
  - «Одноклассники» аудиториясы сенімділік пен ниеттіліктің жоғарғы деңгейімен ерекшеленеді
  - Жарнамаларды өзге сайттарға және «Одноклассники» әлеуметтік желісіне де орналастыруға болады.
  - «Мамба» - виртуалды танысу аймағы болып табылады.
  - Нысаналауды және максималды аудиторияны ұсынады [5].
- СММ-нің артықшылықтары мен кемшіліктері. Көптеген серіктестіктер СММ әдісіне жүгінеді. Әлеуметтік маркетинг тек қана белгілі бір ортадағы тұтынушылар мен осыған мүдделі тұтынушылардың назарын аудартады. Бұндай амал жарнаманың сапасы мен спамдардың жоқ болуын қадағалайды. Нәтижесінде келешекте аз емес пайда алып келетін жаңа клиенттерді таба алады. Бірақ, кішкентай серіктестіктердің тұрақсыз беделі әлеуметтік желіге енгізілуі жаман аяқталуы мүмкін. Себебі, тәуекел әрқашанда ақы-пұлдарды растамайды. Әлеуметтік желілерде тұтынушылардан тек қана жағымды



сипаттамалар ғана емес, сонымен қатар жағымсыз сипаттамаларды да алады. Үлкен емес бизнесте жарнаманы дұрыс басқармауынан бизнес жанып кетуі мүмкін. Сонымен қатар форс-мажорлы жағдайды да ескеру қажет. Кейде дұрыс жарнама бергеннің өзінде де, жалпы, тұтынушылар ақпаратты белсенділігі, желіге көптеген жаман пікірлерді жазуы да болады.

Осы негативтен құтылу амалы бар. Ол: шын мәнінде өз абыройыңды сақтау қажет. Тек қана пайда үшін емес, үнемі өзін-өзі жетілдіру және тұтынушы үшін жұмысты істеу қажет.

Кез келген әлеуметтік желі тұтынушысы белгілі бір серіктестікті зерттей келе, ең алдымен жағамсыз пікірлерге көңіл бөледі. Сондық-

тан кез келген серіктестік жағымсыз пікірдің жағымды пікірден аз болуын қадағалайды.

Тұтынушылармен сөйлесу мәдениеті керекті амалдардың бірі болып табылады. Көптеген кеңес берушілер тұтынушылармен дөрекі сөйлеседі. Содан кейін тұтынушылар әлеуметтік желілерге жаза бастайды. Уақыт өте келе серіктестік жайлы жағамсыз пікірлер бүкіл әлеуметтік желілерге тарайды.

Әлбетте, әлеуметтік желілердегі жарнамалар белгілі бір тәуекелдермен байланысты. Бірақ, пайда бірнеше есе өсуі мүмкін. Бастысы - мансапты деңгейде өнімнің сапасын ғана ұстап отырмай, сонымен қатар әлеуетті тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету қажет [6].

### **Әдебиеттер:**

1. [kk.wikipedia.org/wiki/Маркетинг](http://kk.wikipedia.org/wiki/Маркетинг)
2. Муталиева Л.М. Маркетинг ресторанного бизнеса. Алматы, 2010. –с.с. 96-97
3. Дурович А.П. Маркетинг гостиниц и ресторанов. Москва ООО «Новое знание», 2006
4. [it-tirlik.kz](http://it-tirlik.kz)
5. [www.russianpromo.ru/advertising/SMM/](http://www.russianpromo.ru/advertising/SMM/)
6. [infosocial.ru/plyusyi-i-minusyi-smm/](http://infosocial.ru/plyusyi-i-minusyi-smm/)

# 6

**ОЦЕНКА, УЧЕТ И АУДИТ:  
НАЦИОНАЛЬНАЯ И  
МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРАКТИКА**



**Акынова Ф.К**

Казахский Национальный Университет  
им. аль-Фараби,  
«Учет и аудит», 3 курс,  
г.Алматы

Научный руководитель:

**Когут О.Ю.,**  
ст.преп. кафедры Учета и аудита

## Учет затрат по функциям (ABC-метод)

Одним из принципов калькулирования себестоимости продукции является выбор метода распределения косвенных расходов между объектами калькулирования. Традиционно базой распределения являлась заработная плата производственного персонала. Это объясняется следующими причинами:

- прямые затраты труда легко планируются и учитываются;
- они обладают наибольшим удельным весом в структуре себестоимости из-за низкого уровня автоматизации производства.

К концу XX века назрели следующие предпосылки к изменению методов распределения накладных расходов:

- развитие производственных возможностей и разнообразие выпускаемой продукции;
- уменьшение доли прямых трудовых затрат в структуре себестоимости продукции в связи с автоматизацией производства;
- рост стоимости ресурсов, не связанных напрямую с процессом производства:
  - Расходы на логистику;
  - Технический контроль продукции;
  - Коммерческие расходы и т.д.;
- автоматизация бухгалтерского и управленческого учета.

Наличие недостатков существующих систем учета затрат способствовали поиску новых вариантов учета затрат, одним из которых является система ABC (activitybasedcosting), возникшая в США в 1980-х годах и получившая столь быстрое распространение на западных предприятиях различных отраслей.

**Система ABC** — это прогрессивная концепция, способная преодолеть ограничения традиционной системы учета затрат и установить причинно-следственную связь между продуктами и необходимыми для их производства затратами. Отсюда следует, что ABC — это система учета затрат, и как таковая включает определение объектов затрат, классификацию затрат и метод их распределения по объектам [1].

В соответствии с ABC-методом предприятие

рассматривается как набор взаимосвязанных операций. В процессе операции потребляются различные ресурсы (материалы, труд, оборудование). Под видом деятельности понимаются все функции, выполняемые для того, чтобы продукт был предоставлен покупателю. Соответственно продукт принимает на себя затраты на все виды деятельности, которые потребуются для его создания и предоставления покупателю. Принципиальное отличие указанной системы учета затрат от традиционных состоит в порядке распределения накладных расходов [2].

Алгоритм построения системы ABC:

- Всю производственно-хозяйственную деятельность нужно разбить на функции. Чем сложнее деятельность, тем больше количество функций. Функцией может быть:
  - Заказ материалов;
  - Эксплуатация технологического оборудования;
  - Контроль качества готовой продукции;
- транспортировка и т.д.
- Для каждого вида деятельности необходимо выбрать носителя затрат, а именно тот фактор, который оказывает влияние на изменение затрат. Они должны быть выражены в соответствующих единицах измерения. Например, для функции управления персоналом носителем затрат будет количество сотрудников.
- Оценить стоимость единицы носителя затрат, разделив косвенные расходы по каждой функции на количественное значение соответствующего носителя затрат.
- Определить себестоимость готовой продукции благодаря произведению стоимости единицы носителя затрат на количество по тем функциям, выполнение которых необходимо для создания продукции.

Таким образом, объектом учета затрат при ABC-методе является отдельный вид деятельности, а объектом калькулирования – вид продукции.

Суть методики отразим на рисунке 1.




Рис.1 Упрощенная схема ABC-метода

**Основные достоинства** данного метода заключаются:

- В точном определении производственных затрат, возможности устранить непроизводительные расходы;
- В эффективном механизме управления затратами и прибылью, позволяющей определить «вклад» каждого вида продукции, каждого клиента, каждой географической зоны в общий финансовый результат;
- В возможности контроля не только объема затрат, но и причин их появления;
- В возможности применения для разработки эффективной ценовой и маркетинговой политики.

ABC-метод позволяет значительно снизить

затраты предприятий, усовершенствовать взаимосвязи между отдельными подразделениями, поэтому имеет большие перспективы внедрения на казахстанских предприятиях. Наиболее эффективно применение ABC-метода на многоотраслевых предприятиях, в сложных хозяйственных комплексах, где велика доля косвенных затрат в структуре себестоимости [3].

**Основными недостатками** ABC-метода являются его трудоемкость, сложность, а также значительные финансовые и материальные затраты на его организацию. ABC-метод является альтернативой позаказному методу учета затрат и эффективен для предприятий, характеризующихся высоким уровнем накладных расходов.

#### Источники:

1. Вахрушина М.А. Бухгалтерский управленческий учет. М., 2012
2. Хорнгрен Ч.Т., Фостер Дж. Бухгалтерский учет: управленческий аспект, М., Финансы и статистика, 2006
3. Друри К. Управленческий и производственный учет, Учебное пособие для вузов/Пер. с англ. Под ред. Н.Д. Эриашвили. М.: Аудит, ЮНИТИ, 2006.

## Дисконтирования денежных потоков как метод оценки справедливой стоимости финансовых инструментов

Вопросы оценки и учета финансовых инструментов по справедливой стоимости в последние годы стали объектом широкой профессиональной дискуссии. Краеугольным моментом является достоверность и релевантность бухгалтерского учета и отчетности, которые являются источником информации о финансовом состоянии и эффективности деятельности компании. Учет по исторической стоимости делает отчетность достоверной, в то время как отражение по справедливой стоимости делает бухгалтерскую информацию более релевантной. В соответствии со стандартом МСФО 13, справедливая стоимость – это сумма, которая была бы получена при продаже актива или уплачена при передаче обязательства в рамках обычной сделки между участниками рынка на дату оценки, при этом Стандарты фактически не содержат конкретных правил оценки справедливой стоимости. На ликвидных рынках определение справедливой стоимости не влечет за собой каких – либо методологических затруднений: рыночная цена признается справедливой. Конечно, нельзя рыночную цену полностью отождествлять со справедливой стоимостью финансового инструмента, так как цена рынка складывается под воздействием не только объективных факторов. Задача определения справедливой стоимости многократно осложняется в случае неликвидного рынка. В этом случае Согласно стандартам IFRS 13 для оценки финансовых инструментов используется два подхода: рыночный и доходный.

Рыночный подход базируется на использовании мультипликаторов, выражающих ценность активов и обязательств компании через финансовые, операционные или физические коэффициенты, которые сравниваются с компаниями – аналогами или отраслевыми показателями в целом. Однако низкая ликвидность фондового рынка и отсутствие информации о частных сделках не позволяют использовать данный метод для определения справедливой стоимости финансового инструмента.

При доходном подходе, справедливая стоимость отражает текущие рыночные ожидания о будущих денежных доходах и расходах. Наи-

более распространенным методом оценки финансовых инструментов доходного подхода является метод дисконтирования денежных потоков. Данный метод является более достоверным при нахождении внутренней стоимости финансовых инструментов и выражается формулой:

$$FV = \frac{CF_1}{(1+r)^1} + \frac{CF_2}{(1+r)^2} + \dots + \frac{CF_n}{(1+r)^n}$$

где: FV – справедливая стоимость акции (Fair Value);

CF – денежные потоки (cashflows);

r - ставка дисконта (Discount Rate);

n - период [1, 183-190].

Процедура выполнения расчета по методу дисконтирования денежных потоков выглядит таким образом:

1. оцениваются денежные потоки и соответствующие риски по периодам;
2. устанавливается требуемая ставка дисконтирования денежного потока с учетом связанного с ним риска;
3. денежный поток дисконтируется по определенной ставке дисконтирования;
4. дисконтированные потоки суммируются для определения стоимости актива.

Таким образом, метод заключается в определении текущей справедливой стоимости на основе прогнозных возможностей по генерированию денежных потоков. При использовании данного метода есть два принципиальных момента, которые определяют справедливость полученных расчетов стоимости финансового инструмента: корректный прогноз денежного потока и обоснованное установление ставки дисконтирования.

Определение денежного потока непосредственно связано с особенностями финансового инструмента. В качестве денежного потока часто вступает рыночная или номинальная цена финансового инструмента, дивиденды по акциям и купонные платежи по облигациям и т.д.

Прогноз денежных потоков критичен тем, что нужно спрогнозировать не только внутренние показатели компании, но и макроэкономические показатели, такие как инфляция,

уровень ВВП, уровень безработицы и т.д. В свою очередь макроэкономические показатели оказывают свое влияние на микроэкономические показатели компании, такие как уровень продаж, цены на товар, уровень спроса со стороны потребителей, уровень предложения со стороны поставщиков. Само по себе прогнозирование макроэкономических индикаторов является трудоемким процессом и в будущем они могут оказывать иное влияние на внутренние показатели компании. Но прежде чем составлять прогнозную отчетность о будущих денежных потоках, нужно составить прогнозный отчет о прибылях и убытках и прогнозный отчет о движении денежных средств. В прогнозном отчете о прибылях и убытках отображаются объем выручки, себестоимость, какие расходы потерпит компания, какие дополнительные доходы от не основной деятельности приобретет компания. В первую очередь прогнозируется выручка. Прогноз выручки осуществляется на основе анализа производственных возможностей и на основе спроса со стороны потребителей и предложения со стороны конкурентов. А в прогнозном отчете о движении денежных средств отображаются чистые денежные поступления от операционной деятельности, инвестиционной деятельности и финансовой деятельности.

